

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

Аман Тоғжан,
Рысқалиева Назерке,
Төлеген Бекжан

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

«Бюджетке түсетін салықтық түсімдерді басқаруды жетілдіру жолдары»

5В050600-Экономика

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
«Бизнес және менеджмент»
Кафедра меңгерушісі
PhD докторы, профессор
С.Н. Досова
«29» 04 2019 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Бюджетке түсетін салықтық түсімдерді басқаруды жетілдіру жолдары»

5B050600- Экономика

Орындаған: Аман Тоғжан,
Рысқалиева Назерке,
Төлеген Бекжан

Пікір беруші
экон.ғыл.кандидаты
С.К. Серікбаев
«19» 04 2019 ж.



Ғылыми жетекші
экон.ғыл.канд., асс. профессор
Қ.С. Сакибаева
«20» 04 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

5B050600-Экономика

БЕКІТЕМІН

«Бизнес және менеджмент»

Кафедра меңгерушісі

PhD докторы, профессор

С.Н. Досова

«29» 04 2019 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушылар: Аман Тоғжан, Рысқалиева Назерке, Төлеген Бекжан

Тақырыбы: «Бюджетке түсетін салықтық түсімдерді басқаруды жетілдіру жолдары»

Университет ректорының «25» 09. 2018 ж. №1064-б бұйрығымен бекітілген Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «20» сәуір 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері Есеп-түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі мен қысқаша диплом жұмысының мазмұны

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

- 1) Бюджетке түсетін салықтық түсімдерді басқарудың теориялық аспектілерін қарастыру;
- 2) Бюджетке түсетін салықтық түсімдердің қазіргі жағдайын талдау;
- 3) Бюджетке түсетін салықтық түсімдерді басқаруды жетілдіру жолдарын ұсыну;

Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)


9 кесте, 8 сурет, 15-жұмыс презентациясының слайды

Ұсынылған негізгі әдебиет барлығы 26 атау

Дипломдық жоба дайындау
КЕСТЕСІ


Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімі	Ескерту
1) Бюджетке түсетін салықтық түсімдерді басқарудың теориялық аспектілерін қарастыру	03.02.2019	орындаған
2) Бюджетке түсетін салықтық түсімдердің қазіргі жағдайын талдау	04.03.2019	орындаған
3) Бюджетке түсетін салықтық түсімдерді басқаруды жетілдіру жолдарын ұсыну	05.04.2019	орындаған

Аяқталған дипломдық жоба бөлімдеріне норма бақылаушының қойған қолтаңбасы

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (тегі, аты, әкесінің аты)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Норма бақылаушы	А. Сарсенбаева		

Ғылыми жетекшісі:  Сакибаева Құралай Сарсембайқызы

Тапсырманы орындайтын білім алушылар: Аман Тоғжан, Рысқалиева Назерке, Төлеген Бекжан



Күні « 05 » 01 2019 ж.

5В050600 – Экономика мамандығы студенттері Аман Тоғжан, Рысқалиева Назерке, Төлеген Бекжанның «Бюджетке түсетін салықтық түсімдерді басқаруды жетілдіру жолдары» тақырыбына жазылған дипломдық жобасына

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

Кез-келген мемлекеттің бюджет жүйесінің тиімділігі оның шығыстарын тиімді басқару ғана емес, сонымен қатар түсетін түсімдерін басқару, оның ішінде салықтық түсімдерді жетілдіруден тұрады. Себебі бюджетке түсетін түсімдердің ішінде ең көп үлесті салықтық түсімдер құрайды.

Бюджет саясаты мемлекеттік қаржының тұрақтылығын нығайтуға және экономиканың одан әрі өсуін қолдауға бағытталуы тиіс. Сондықтан қарастырылып отырған дипломдық жоба тақырыбы өзекті.

Дипломдық жоба алдына қойылған мақсат, міндеттерін толғымен ашқан, өзбетінше логикалық аяқталған жұмыс деп айтуға тұрады.

Жобада ҚР бюджет жүйесінің қазіргі жағдайына және соңғы жылдардағы салықтық өзгерістеріне терең талдау жасалған.

Жұмыста ҚР бюджетке салықтық түсімдерді басқаруды жетілдіру жолдары ұсынылып, салықтық әкімшілендіруді жетілдіру және Блокчейн технологиясын салықтық түсімдерді арттыруда қолдану аясы келтірілген.

Дипломанттар дипломдық жобаны жазу барысында барынша жауапкершілікпен, ізденімпаздықпен қарап, берілген тапсырмаларды дер кезінде орындап, берілген уақытқа сай өзбетінше орындап шықты.

Тақырыптың өзектілігін, жұмыс мазмұны мен рәсімделуін, дипломанттың жұмысқа деген қарым-қатынасын ескере отырып, «Бюджетке түсетін салықтық түсімдерді басқаруды жетілдіру жолдары» тақырыбына жазылған дипломдық жұмысты Мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында қорғауға жіберуге болады және «өте жақсы» (96%) деп бағалауға болады

Пікір беруші

Э.ғ.к., «ҚжЕ» кафедрасының проф. ассистенті

(лауазым, ғылыми дәрежесі, атағы)

Сакибаева Қ.С.

« 24 » 04 2018 ж.

5B050600 – Экономика мамандығы студенттері Аман Тоғжан, Рысқалиева Назерке,
Төлеген Бекжан
«Бюджетке түсетін салықтық түсімдерді басқаруды жетілдіру жолдары»
тақырыбына жазылған дипломдық жобасына

СЫН-ПІКІР

Өзірленген:

- а) графикалық бөлімі 7 - парақ
- б) түсіндірме жазбасы 48 бетте

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУ ЖАСАУ

Кез-келген мемлекеттің бюджет жүйесінің тиімділігі оның шығыстарын тиімді басқару ғана емес, сонымен қатар түсетін түсімдерін басқару, оның ішінде салықтық түсімдерді жетілдіруден тұрады. Себебі бюджетке түсетін түсімдердің ішінде ең көп үлесті салықтық түсімдер құрайды.

ҚР стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының негізіне сүйене отырып, мемлекеттің жоғарғы органдарының құзырындағы шараларды мемлекеттің төменгі органдарының орындауы, экономикалық пайда табуға немесе экономикалық-әлеуметтік жетістікке қол жеткізуге бағытталады.

Бюджет саясаты мемлекеттік қаржының тұрақтылығын нығайтуға және экономиканың одан әрі өсуін қолдауға бағытталуы тиіс. Сондықтан қарастырылып отырған дипломдық жоба тақырыбы өзекті.

Дипломдық жоба алдына қойылған мақсат, міндеттерін толғымен ашқан, өзбетінше логикалық аяқталған жұмыс деп айтуға тұрады.

Жобада ҚР бюджет жүйесінің қазіргі жағдайына және соңғы жылдардағы салықтық өзгерістеріне терең талдау жасалған.

Жұмыста ҚР бюджетке салықтық түсімдерді басқаруды жетілдіру жолдары ұсынылып, салықтық әкімшілендіруді жетілдіру және Блокчейн технологиясын салықтық түсімдерді арттыруда қолдану аясы келтірілген.

Қарастырылып отырған дипломдық жобаның мазмұны мен рәсімделуі бойынша ескертулер жоқ.

Жұмыс бағасы

«Бюджетке түсетін салықтық түсімдерді басқаруды жетілдіру жолдары» тақырыбына жазылған дипломдық жобаны Мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында сәйкесінше қорғалған жағдайда «өте жақсы» (96%) деп бағалауға болады

Пікір беруші

ҚазХКЖӘТУ «Экономика»
кафедрасының доценті
(лауазым, ғылыми дәрежесі, атағы)
Серікбаев С.

« 2019 ж.

Краткий отчет



Университет:	Satbayev University
Название:	1 Бюджетке түсетін салықтық түсімдерді басқаруды жетілдіру жолдары на проверку.doc
Автор:	Аман Т., Рыскалиева Н., Толеген Б.
Координатор:	Гульмира Муханова
Дата отчета:	2019-04-29 04:51:08
Коэффициент подобия № 1:	3,3%
Коэффициент подобия № 2:	1,5%
Длина фразы для коэффициента подобия № 2:	25
Количество слов:	21 070
Число знаков:	176 710
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершенных проверок:	27



К вашему сведению, некоторые слова в этом документе содержат буквы из других алфавитов. Возможно - это попытка скрыть позаимствованный текст. Документ был проверен путем замещения этих букв латинским эквивалентом. Пожалуйста, уделите особое внимание этим частям отчета. Они выделены соответственно.

Количество выделенных слов 19



Самые длинные фрагменты, определенные, как подобные

№	Название, имя автора или адрес гиперссылки (Название базы данных)	Количество Автородинаковых слов
1	URL_ http://bauka.kz/index.php/2011-08-20-05-03-21/2011-08-21-04-00-19/1247-2012-03-18-15-18-42	61
2	URL_ http://bauka.kz/index.php/2011-08-20-05-03-21/2011-08-21-04-00-19/1247-2012-03-18-15-18-42	57
3	URL_ http://bauka.kz/index.php/2011-08-20-05-03-21/2011-08-21-04-00-19/1247-2012-03-18-15-18-42	50

4	URL_ https://static.ohu.edu.tr/uniweb/media/dosya/tudas/tudas2-4.pdf	46
5	URL_ http://bauka.kz/index.php/2011-08-20-05-03-21/2011-08-21-04-00-19/1247-2012-03-18-15-18-42	38
6	URL_ http://kgd.gov.kz/sites/default/files/KGD/modernization/prikaz_sp_kaz.2018_utochn_1019_ot_21.11.18.doc	31
7	URL_ http://kgd.gov.kz/sites/default/files/KGD/modernization/prikaz_sp_kaz.2018_utochn_1019_ot_21.11.18.doc	30
8	URL_ http://bauka.kz/index.php/2011-08-20-05-03-21/2011-08-21-04-00-19/1247-2012-03-18-15-18-42	23
9	URL_ https://static.ohu.edu.tr/uniweb/media/dosya/tudas/tudas2-4.pdf	22
10	URL_ http://bauka.kz/index.php/2011-08-20-05-03-21/2011-08-21-04-00-19/1247-2012-03-18-15-18-42	20

**Документы, в которых найдено подобные фрагменты: из RefBooks**

Не обнаружено каких-либо заимствований

**Документы, содержащие подобные фрагменты: Из домашней базы данных**

Не обнаружено каких-либо заимствований

**Документы, содержащие подобные фрагменты: Из внешних баз данных**

Документы, выделенные жирным шрифтом, содержат фрагменты потенциального плагиата, то есть превышающие лимит в длине коэффициента подобия № 2

№	Название (Название базы данных)	Автор	Количество одинаковых слов (количество фрагментов)
1	Документ из базы НЭУ 51dc09e8-b93c-4123-a1d3-3930c0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	па	29 (5)
2	«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ МЕХАНИЗМ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ПРОБЛЕМЫ ЕГО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ» <i>Azerbaijan State University of Economics (UNEC) (Iqtisadiyyatin tenzimlənməsi)</i>	МАМЕДЛИ ОРХАН ЮСИФ ОГЛЫ	24 (4)
3	Документ из базы НЭУ 51d55a7f-2f2c-4181-afb4-0720c0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	па	20 (1)
4	Республиканский бюджет как инструмент реализации социально- экономической политики государства <i>TURAN-ASTANA UNIVERSITY (TAU) (Факультет бизнеса и информационных технологий)</i>	Байкан Асхат Финансы ПН	13 (1)
5	Документ из базы НЭУ 544a1125-7b0c-4134-adb2-06bfc0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	па	10 (2)
6	Документ из базы НЭУ 51d63226-c9e0-4684-bfcd-0735c0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	па	5 (1)
7	Аймақ бюджетінің кіріс және шығыс бөліктері құрылымының өзгеру тенденцияларын зерттеу <i>M.Auezov South Kazakhstan State University (Высшая школа Управления и Бизнеса)</i>	ЭФ 16-2к1 Әлмұхамбетов	5 (1)

**Документы, содержащие подобные фрагменты: Из интернета**

Документы, выделенные жирным шрифтом, содержат фрагменты потенциального плагиата, то есть превышающие лимит в длине коэффициента подобия № 2

№	Источник гиперссылки	Количество одинаковых слов (количество фрагментов)
1	URL_ http://bauka.kz/index.php/2011-08-20-05-03-21/2011-08-21-04-00-19/1247-2012-03-18-15-18-42	360 (15)
2	URL_ http://kgd.gov.kz/sites/default/files/KGD/modernization/prikaz_sp_kaz.2018_utochn_1019_ot_21.11.18.doc	97 (6)
3	URL_ https://static.ohu.edu.tr/uniweb/media/dosya/tudas/tudas2-4.pdf	82 (3)
4	URL_ https://studrb.ru/works/entry14468	21 (2)
5	URL_ https://kapital.kz/economic/29130/na-173-mlrd-tenge-proschitalis-v-mebp.html	18 (2)
6	URL_ http://stat.gov.kz/getImg?id=WC16200033673	12 (1)
7	URL_ https://www.zharar.com/kz/referat/23898-info.html	9 (1)

Copyright © Plagiat.pl 2002-2019

АНДАТПА

Жобаның негізгі мақсаты – мемлекеттік бюджеттің қалыптасуы мен дамуындағы салықтық түсімдердің мазмұны мен ролін теориялық және әдістемелік жағынан зерттеу, оны басқару үшін ғылыми негізделген ұсыныстар жасау болып табылады.

Зерттеу объектілері – мемлекеттік бюджетпен айналысатын мемлекеттік органдар, министрліктер, ведомстволар, Статистика басқармасы болып табылады.

Жобада салықтық әкімшілендіруді жетілдіру және Блокчейн технологиясын салықтық түсімдерді арттыруда қолдануысынылды.

АННОТАЦИЯ

Основная цель проекта-теоретическое и методическое изучение содержания и роли налоговых поступлений в формировании и развитии государственного бюджета, выработка научно-обоснованных предложений для его управления. Объектами исследования являются государственные органы, министерства, ведомства, управление статистики, занимающиеся государственным бюджетом. В проекте предлагается усовершенствовать уровень налогового администрирования и использовать бюджетную технологию экономического Блокчейн-бюджета при корректировке налоговых поступлений или увеличении расходов.

ABSTRACT

The main objective of the project is theoretical and methodological study of the content and role of tax revenues in the formation and development of the state budget, the development of evidence-based proposals for its management. The objects of the study are state bodies, ministries, departments, statistics Department dealing with the state budget. The project proposes to improve the level of tax administration and use the budget technology of the economic Blockchain budget when adjusting tax revenues or increasing expenses.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	
1 Бюджетке түсетін салықтық түсімдерді басқарудың теориялық аспектілері	9
1.1 Бюджеттің әлеуметтік экономикалық мәні мен принциптері	9
1.2 Бюджеттің әлеуметтік экономикалық мәні, түрлері мен құрылымы	13
2 Бюджетке түсетін салықтық түсімдердің қазіргі жағдайын талдау	25
2.1 ҚР бюджет жүйесінің қазіргі жағдайын талдау	25
2.2 ҚР 2017-2019 жылдар аралығындағы салықтық өзгерістерді талдау	34
3 ҚР бюджетке салықтық түсімдерді басқаруды жетілдіру жолдары	41
3.1 Негізгі проблемаларды талдау	41
3.2 Салықтық әкімшілендіруді жетілдіру және Блокчейн технологиясын салықтық түсімдерді арттыруда қолдану	42
ҚОРЫТЫНДЫ	48
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	51

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Егеменді Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканы қалыптастырып, одан әрі тереңдете дамытуда шешуші тұтқалардың бірі мемлекеттік бюджет болып табылады.

Нарықтық экономиканың даму жолын таңдаған кез келген мемлекеттің шынайы тәуелсіздігі мен егемендігі үшін мықты әрі тұрақты қаржылық негіздің болуы міндетті. Ал, салықтар мемлекет бюджетінің кіріс бөлігінің қайнар көзі болып қана қоймай, материалдық, экономикалық және құқықтық категория ретінде қарама-қайшылығы мол, күрделі құбылыс, әрі тауар өндірісінің барысына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің экономикалық дамуының маңызды факторы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауының «макроэкономикалық тұрақтылық» үшінші басымдығына сәйкес негізгі міндеттердің бірі салық-бюджет саясатын жаңа экономикалық шындыққа келтіру болып табылады [1]. Сондықтан бүгінгі күні салық саясаты нарықтың барлық талаптарын ескеруі тиіс, сондай-ақ экономикалық интеграция шарттарына бейімделуі тиіс.

Отандық өнеркәсіптердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату, экономиканың нақты секторларының өнімдерін өсіру, республикадағы экономикалық тенденцияның негізгі сипаттамасы болып табылады. Экономикалық өсу әлі берік емес. Қазақстанның Ұлттық экономикасы қазіргі әр түрлі өзгерістерге сезімтал. Осы жағдайда мемлекеттің экономикалық дамуы азды-көпті дәрежеде салық салудың ілімі және тәжірибесін жетілдіру және оны басқару мәселелерін шешумен байланысты.

«Қазақстан–2050» стратегиясында және жыл сайынғы елбасымыздың Қазақстан халықтарына Жолдауларында баяндалған «Сенімді табыстылық стратегиялары», «Ұзақ мерзімді приоритет-экономикалық өсу» үндеулері республикамыздың мемлекеттік бюджетін дамытуға салықтық ынталандыруларды жетілдірудің қажеттігін және тәжірибелік мәнін жоғарлатады.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі. Бюджеттік жүйенің жеке теориялық және тәжірибиелік даму аспектілері мен салықтық түсімдердің әсерін көптеген ғалым экономистер өз еңбектерінде баяндаған.

Экономиканы тұрақтандыру және дамытудың факторларының бірі ретінде бюджет мәселесін әлеуметтік – экономикалық даму мәселелерін зерттеуде маңызды үлес қосқан Қазақстан ғалымдары: Әубәкіров Я.А., Арын Е.М., Ильсов К.К., Сатқалиева В.А., Өтебаев Б.С., Жүнүсова Р.М., Жүйріков К.К., Бертаева К.Ж., Зейнельгабдин А.Б, Күлекеев Ж.А., Сұлтанғазин А.Ж., Сейтқасымов Г.С., Елубаева Ж.М., Мамыров Н.К., С.Б. Байзақов, К.Б. Берентаев, С.Ұ. Жандосов, С.К. Жұмамбаев, Р.Е. Елемесов, және тағы басқалары.

Жобаның негізгі мақсаты – мемлекеттік бюджеттің қалыптасуы мен дамуындағы салықтық түсімдердің мазмұны мен рөлін теориялық және әдістемелік жағынан зерттеу, оны басқару үшін ғылыми негізделген ұсыныстар жасау болып табылады.

Қойылған мақсаттарға сәйкес төмендегі *міндеттерді* шешу көзделді:

-бюджеттің әлеуметтік экономикалық мәнін ашу және бюджет түрлері мен құрылымын анықтау;

-салықтардың экономикалық мазмұнын ашып, бюджетті құрудағы рөлін анықтау;

-ҚР бюджет жүйесінің қазіргі жағдайына талдау жасау;

-соңғы жылдардағы салықтық өзгерістерге талдау жасау;

-мемлекеттік бюджеттің қалыптасуы мен дамуындағы салықтық түсімдерді арттыру мәселелері мен жолдарын анықтау

Зерттеу пәні – мемлекеттік бюджет пен оның даму мәселелері және бюджетке түсетін салықтық түсімдерді жетілдіру жолдарындағы пайда болатын бюджетаралық қатынастар.

Зерттеу объектілері – мемлекеттік бюджетпен айналысатын мемлекеттік органдар, министрліктер, ведомстволар, Статистика басқармасы болып табылады.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі. Берілген зерттеудің теориялық негізі –экономиканы тұрақтандырудағы бюджет рөліне әр түрлі тәсілдерді және салық жүйесін жетілдіру бағыттарын бейнелейтін әлеуметтік – экономикалық даму облысындағы классиктер еңбектерінен, отандық және қазақстандық ғалымдар жұмыстарынан, ҚР Үкіметінің кодекстері, заңдары және қаулылары. Зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасы Қаржы министірлігі, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министірлігі, статистика агенттігі, ғылыми баспасөздер құрады.

Дипломдық жобаның құрылымы. Дипломдық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Жұмыс мазмұны компьютерлік теру түрімен мәтіннің 46 бетінде баяндалған 4 кесте және 8 суреттен тұрады. Библиография 26 көрсеткіш – арнадан алынған

Жоба команда мүшелерінің жауапкершілігі.

Аман Тоғжан –1.1 Бюджеттің әлеуметтік экономикалық мәні мен принциптері; 2.1 ҚР бюджет жүйесінің қазіргі жағдайын талдау; 3.2 Салықтық әкімшілендіруді жетілдіру және Блокчейн технологиясын салықтық түсімдерді арттыруда қолдану.

Рысқалиева Назерке -1.2 Бюджеттің әлеуметтік экономикалық мәні, түрлері мен құрылымы; 2.2 ҚР 2017-2019 жылдар аралығындағы салықтық өзгерістерді талдау; 3.2 Салықтық әкімшілендіруді жетілдіру және Блокчейн технологиясын салықтық түсімдерді арттыруда қолдану.

Төлеген Бекжан – 1.3 Салықтың экономикалық мазмұны мен түрлері; 3.21 Негізгі проблемаларды талдау.

1 Бюджетке түсетін салықтық түсімдерді басқарудың теориялық аспектілері

1.1 Бюджеттің әлеуметтік экономикалық мәні мен принциптері

Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеудің тиімді жүйесі елдің экономикалық дамуының және саяси тұрақтылықты ұстап тұруының маңызды шарты болып саналады. Қазіргі заманғы мемлекет экономикалық өмірді енжар бақылаушы болып табылмайды, керісінше мемлекет елдің шаруашылық-экономикалық өміріне белсенді түрде қатынасады және де керек кезінде елдің экономикасын тұрақтандыру үшін керекті шараларды да жүргізеді. Қазақстан Республикасының қазіргі уақытта инновациялық саясатты дамытуға байланысты нарық экономикасын реттеуде мемлекет және мемлекеттік бюджеттің атқаратын рөлі өте маңызды болып табылады [3].

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Жолдауында айтылғандай, біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру [1]. Бұл аталған мәселелерді жетілдіре дамыту үшін біздің ойымызша, мемлекеттік бюджет аса маңызды құралы болады деп айтуға болады. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақты дамып және нарық қалыптасқан мемлекеттердің бірі болып саналуына ешқандай күмән келтірмейді. Нарықтық экономикалық дамуы көп жағдайда елдің ұлттық табысымен және ұлттың байлығымен, сонымен қатар бюджет құрылымдары жағдайымен анықталады. Қаржылық, несиелік, бюджеттің қатынастардың рөлі, алатын орны және мәні айдан анық. Себебі, бұл қатынастардың жағдайына жалпы ішкі өнім өсімінің, жұмыссыздық пен инфляция деңгейінің, төлем балансы мен валюта бағамының жағдайы және басқа да макроэкономикалық көрсеткіштерінің ұтымды деңгейге жетуі тәуелді. Нарықтық экономикада бюджеттік жүйе мемлекеттің тұтас бүкіл экономикалық жүйесінің бөлігі, қаржы жүйесінің маңызды элементі ретінде көрініс табады. Бюджеттік жүйе бюджеттік рәсімдер мен қатынастарда, бюджет үдерісінде, бюджет құрылғысында орын алатын кенет өзгертулерсіз, тұрақты түрде қызмет жасайды. Аталған шарт мемлекет жүзеге асырып отырған қызметтер мен тапсырмалардың толықтығын, мемлекет бағдарламаларындағы даму мақсаттары мен параметрлеріне қол жеткізу мүмкіндігін анықтайды [7].


Бюджет жүйесінің маңыздылығы – бюджет жүйесі бюджетті екіжақты қажеттіліктерді (құқық қорғау мен қорғану сипатындағы қызметтер, инфрақұрылым, ғылым-білім, мәдениет, денсаулық сақтау игіліктері, мемлекеттік басқару бойынша қызметтер) қанағаттандыруға бағытталған қоғамдық игіліктерді мемлекет қамтамасыз ететін нарықтық институт ретінде қарастыру тәсіліне негізделеді. Осы кезде нарықтық экономикадағы

шаруашылық субъектілердің біреуінің қаржысы ретіндегі мемлекеттік қаржылардың жаңа түрі пайда болады [8].

Мемлекеттік бюджет мемлекеттің негізгі қаржы жоспары ретінде, мемлекеттің шығыс бөлігін орындау міндетіне арналған ақша қаражаттарын бір жыл есебімен құру және пайдалану нысаны болып табылады. Бюджет мемлекеттің негізгі қаржы жоспары ретінде кез келген экономикалық санат ретінде келесідей нақты қызметтерді атқарады:

- бюджет қорын құру;
- бюджет қорын пайдалану;
- қаржының мақсатты бағыты бойынша пайдалануын бақылау.

Бюджеттік саясат мемлекеттік орган шараларын әсіресе, Президенттің және оның әкімшілігін, сондай-ақ көбінде Үкімет пен экономикалық тұрақтылықты қолдау, өндіріс қарқынын сақтау, халықты жұмыспен қамту, түрлі экономикалық параметрлер жөніндегі сәйкес Министрліктерді қамтиды.



1 сурет –Экономиканың, бюджеттік саясаттың және бюджеттің өзара байланысы

Ескерту -әдебиет көзінен алынған [8,9]

Бюджеттік саясатты айқындайтын құжаттар әр түрлі стратегиялық құжаттар, макроэкономикалық және басқа да көрсеткіштердің индикативтік жоспары болып табылады. Экономикадағы жағдайларды бағдарлау және соған сәйкес бюджеттік саясат бес жыл бұрын бағдарланса, Қазақстандық тәжірибеде бұл кезең үш жылға сәйкес келеді. Өз кезегінде бюджеттік үдеріске жоспарлау, қарастыру және бекіту, мемлекеттік бюджеттегі қаражаттарды үлестіру және қайта үлестіру, сонымен қатар бақылау, мониторинг пен оларды меңгеруге баға беру кезеңдері кіреді. Статистика бойынша орташа бюджеттік бір теңге экономикаға қосымша алты теңге айналдырады. Бұл бюджет пен бюджеттік жүйе туралы білудің қаншалықты маңызды екендігінің бір ғана көрсеткіші.

Басқаша айтқанда, барлық деңгейдегі бюджеттер мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры және экономикалық қатынастар мен құқықтық

нормаларға негізделген бюджеттік процесс пен бюджеттік қатынастар қосындысын бюджеттік жүйе деп түсіндіріледі [10].

Кез-келген процесстерді басқару жүйесінің, сонымен қатар бюджеттік жүйенің негізі, негізгі қалаушысы осы қоғамдық және мемлекеттік қатынастар саласын тұжырымдамалық жағынан реттейтін белгілі принциптер болып табылады. Заң тұрғысынан қарағанда осы принциптер бюджеттік үдерісте қызмет ұйымына жалпы ыңғайларын сипаттайды. Бюджеттік кодексте 14 негізгі принциптері аталынған, бұларға Қазақстандағы бюджеттік жүйе сүйенеді. Бұл принциптерді бұзу немесе одан тайып кету келешекте басқару қателіктерінің салдары болуы және жалпы бюджеттік жүйенің әсерлілігіне ықпалын тигізуі мүмкін.

Бірінші принцип, тұтастық принципі, ұйымның *тұтас* принциптерін және бюджеттік жүйені жұмысқа қосуды, Қазақстан Республикасындағы бірыңғай бюджеттік топтастыру мен бюджеттік процесстің бірінғай рәсімдерін қолдануды бекітеді. Осылайша барлық бюджеттік заңдар еліміздің барлық аймағында ешбір шектеусіз бір қалыпты қолданылуы тиіс.

Екінші принцип, *толықтық* принципі, Қазақстан Республикасы заңымен қарастырылған барлық кірістер мен шығындар бюджетте және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында жан-жақты және толық көрініс табуды талап етеді. Ұлттық қордың қызметіне қарап оны Мұнай қоры деп атауға да болады, мұнай компанияларынан салық немесе басқа да түсімдер түріндегі кірістердің белгілі бір бөлігі тікелей осы қорға жіберіледі. Бұл қордың шығындары республикалық бюджет трансферттерін қаржыландыруды қамтамасыз етеді, содан кейін жергілікті бюджеттерді қаржыландырады. Бұл мағынада мемлекеттік бюджет пен Ұлттық қордан басқа Қазақстанда топталатын және олардан мемлекеттік ақшалар шығындалатын басқа қор болмауы керек.

Үшінші принцип, *шыншылдық* принципі, бекітілген (нақтылы, түзетілген) бюджет көрсеткіштерінің бекітілген (түзетілген) өлшемдеріне, әлеуметтік-экономикалық болжам бағыттарына және бюджет өлшемдеріне, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына сәйкес келу қажеттіліктерін орнатады. Барлық стратегиялық және қаржылық құжаттар бірге және тікелей үйлесімділік пен өзара байланыста әзірленуі керек, бюджетті нақтылау мен түзетудің тәжірибесін ескере отырып, мемлекеттік органдардың стратегиялық және операциялық жоспарлары шыншылдық принципіне ілесіп, сол сияқты өзгерістерге тап болуы әбден мүмкін.

Төртінші принцип, *транспаренттық* принципі, Қазақстан Республикасы бюджет заңы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерін (нақтыланған, түзетілген) бюджеттері мен олардың орындалуы туралы есептерін, стратегиялық жоспарларлы мен оларды іске асыру туралы есептерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптасуы мен оны пайдалану туралы міндетті жариялауды талап етеді. Бюджет кодексінен келтірілген ережелеріне сәйкес іс жүзінде мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын басқа да құпиялардан

тұратын мәліметтерден басқа барлық бюджеттік ақпараттар міндетті түрде қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін ашық болуы тиіс.

Бесінші принцип, *дәйектілік* принципі, бюджеттік қаражаттарды игеру, стратегиялық жоспарларды орындау және қоғамдық қатынастардың жекелей алған саласындағы мемлекеттік саясатты немесе әкімшілік-аймақтық бірлікті жүзеге асыру бойынша алдын-ала алған міндеттемелерді ұстану қажеттілігін растайды.

Алтыншы принцип, *қорытындылық* принципі, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларымен қарастырылған, тікелей және соңғы қорытындыларға жетуге бағытталған бюджетті әзірлеу мен орындауда бейнеленеді. Қорытындыға бағытталған жаңа Бюджеттік кодексті қабылдаумен бюджеттік бағдарлама әкімгерлерінің, мемлекеттік органдардың және сол бағдарламалар мен жобалардың нақты қызмет қорытындылары өлшенетін қорытындылықтың мөлшерлік және сапалық индикаторларының қолда бары бюджеттік саясат деңгейіне көтерілген аса маңызды талаптарына айналады.

Жетінші принцип, бюджеттің *дербестік* принципі, түрлі деңгейдегі бюджеттердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Әр түрлі деңгейдегі бюджеттерді басқару бірінші кезекте Қазақстанның барлық аймақтарында бірдей орындалатын заңға сәйкес жүзеге асуы тиіс. Бюджеттік жүйенің заң негізін Бюджеттік кодекс құрайды. Бұл принциптің мәні бюджеттік қаржыларды аймақтардың басым бағыттары мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларына сәйкес өз бетімен және тәуелсіз үлестіру мен пайдалану қажеттілігін айқындайды. Сондықтан, орталық немесе жергілікті сәйкес деңгейдегі бюджеттік үдеріске қатысушылардың, заңмен белгіленген құқықтары мен міндеттері бар.

Сегізінші принцип, *сабақтастық* принципі, бюджеттік жүйенің барлық деңгейлеріндегі тұрақтылығын куәландырады. Принципке сәйкес республикалық және жергілікті жоспарлау әлеуметтік-экономикалық даму мен бюджеттік өлшемдердің, алдыңғы кезеңдерге бекітілген базалық шығындардың, бюджеттік мониторинг жиынтығының, қорытындылардың бағаларының бағдарында қалануы керек.

Тоғызыншы принцип, *дәлелділік* принципі, бюджетті жоспарлау - нормативтік-құқықтық актілердің және басқа құжаттардың негізінде жүргізілуін және бюджет жобасына енгізілетін қажетті түсімдер мен шығындардың және олардың көлемдерінің дәлелділігін анықтауды талап етеді. Түсімдерді жоспарлаудың негізі салықтық және салықтық емес түсімдерді, сонымен қатар елдік және аймақтық кесіктердегі экономикалық даму туралы мағлұмат беретін әлеуметтік-экономикалық болжауларды анықтайтын Салық кодексі болып табылады.

Оныншы принцип, *мерзімділік* принципі. Республикалық және жергілікті бюджеттерді орындау барлық мемлекеттік органдардың, олардың барлығы бір негізден қаржыланатындықтан нақты үйлесімдік әрекеттерін талап етеді. Түсімдер сияқты шығындар да стратегиялық және ағымдағы жобалар мен

бағдарламаларды іске асыруды тоқтатпау үшін, кідірместен ақырғы алушыға жетуі керек.

Он бірінші принцип, *кассалардың тұтастығы* принципі, Бюджеттік кодекстің алдыңғы болжамдарындағыдай мемлекеттік органды, Қаржы министрлігінің барлық түсімдері бюджетке жіберілетін бірыңғай қазыналық шот ашуларына міндеттейді және қарастырылған барлық шығындар ұлттық валюта жүзінде жүзеге асады. Қаржы Министрлігінің Қазына комитеті осы принциптің орындалуына жауапты және осыған қажетті барлық ресурстары бар.

Он екінші принцип, *тиімділік* принципі, сол немесе басқа жобаларды не бағдарламаларды іске асырудағы тиімділікті анықтауға байланысты бюджетті орындау терең статистикамен немесе цифрлы өлшемдермен анықталуы мүмкін еместігі туралы соңғы кездері аса пікірталас тудырып жүрген принцип.

Он үшінші принцип, *жауапкершілік* принципі, күткендей-ақ, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік мекеме басшыларының еркіндіктерінің жоғарылауына байланысты олардың жауапкершіліктері де жоғарылатылады. Бір жағынан, бұл принцип бағдарламаларды іске асыру және бюджетті орындау бойынша өз міндеттерін орындауда жауапты қатынасты қарастырады, екінші жағынан заң бұзушылық үшін жауапкершілікті анықтайды, ендеше, әкімшілік және қылмыстық жазалау. Бюджеттік қаражаттарды мақсатсыз және әсерсіз қолданған жағдайларда жауапкершілік тек моральдық болып қана қоймай, сондай - ақ материалдық, әкімшілік, сонымен қатар қылмыстық болуы керек. Сәйкестікке бақылау, қаржылық есепті бақылау және әсерлікті бақылау болып бөлінетін іс – шаралар бақылауының негізінде әкімгердің немесе мемлекеттік мекеме басшысының мүмкіндік жауапкершілігі туралы шешім қабылданады.

Он төртінші принцип, *бюджеттік қаражаттардың мекенжайлығы мен нысаналы мінезінің* принципі, бюджеттік қаражаттарды бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің Қазақстан Республикасы заңын сақтай отырып, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларымен қарастырылған нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізулеріне бағытталғандығын айғақтайды.

1.2 Бюджет түрлері мен құрылымы


Мемлекеттік құрылым түрі оның бюджеттік жүйесін, қалыптастыруға негізгі әсер етеді. Федеративтік немесе унитарлы мемлекет құрылымдарында бюджет жүйесінде айырмашылықтар болады. Федеративтік мемлекеттерде бюджет жүйесі негізгі үш деңгейден тұрады, ал, Қазақстан сияқты унитарлық мемлекеттерде екі деңгейлі бюджеттік жүйе, яғни республикалық және жергілікті бюджеттерден құралады.

Қазақстан Республикасында бекітілген дербес орындалатын бюджеттің келесі деңгейлері:

- 1) республикалық бюджет;

- 2) облыстық бюджет;
- 3) республикалық маңызы бар қалалар бюджеті;
- 4) астаналар бюджеті;
- 5) аудан бюджеті (облыстық маңызы бар қалалар бюджеті).

Жеке мәселе болып мемлекеттік төтенше бюджетті енгізу жағдайлары туындағанда басқа бюджеттік жүйелердің қызметі тоқтатылады. Осы бюджет Қазақстанда төтенше немесе әскери жағдай туындағанда, белгілі процедуралар мен заң актілерімен реттеле отырып енгізіледі.



2 сурет –Бюджет деңгейлері
Ескерту -әдебиет көзінен алынған [11,12]

Бюджеттік кодекстің ережесіне сәйкес, республикалық бюджет дегеніміз - келіп түскен түсімдерге сәйкес қалыптастырылған орталықтандырылған ақша қоры. Республикалық бюджет шығындары жалпы республикалық саясат, сонымен бірге орталық мемлекеттік органдардың солардың қарауына жататын мемлекеттік мекемелердің (мысалы, ҚР Президентіне тікелей бағындырылған органдардың ҚР Үкіметі, Министрліктер, Парламент, Жоғарғы сот, органдар және т.б.). міндеттері мен қызметін қаржыландыруға жұмсалады [13].

Өз кезегінде облыстық бюджеттер, Алматы және Астана қалаларының бюджеттері, аудан бюджеті (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттері келіп түскен түсімдерге сәйкес қалыптастырылған орталықтандырылған ақша қоры, жергілікті мемлекеттік органдардың қызметі мен міндеттерін қаржыландыруға, белгілі әкімшілік-аумақтық бірліктерге сәйкес, мемлекеттің саясатын

мемлекеттік басқару деңгейінде жүргізуге бағытталады. Жергілікті бюджеттер аудан Мәслихатының шешімімен бекітіледі.

Орталықтырылған ақша қоры секілді бюджеттің аналитикалық ақпарат есебінде құрастырылған бюджеттің басқа санаттары, мемлекеттік және біріктірілген бюджеттері облыс бюджеті болып табылады. Осы бюджеттер мемлекеттің қаржы ағымын тиімді пайдалану, жоспарлау және негізгі көрсеткіштерді талдау бюджет жүйесінің пропорционалдығы, сонымен қатар бюджеттің орындалуы туралы есептерді құрастыруда қажет болады. Олар өзара қарызды өтеу есеп операцияларынсыз бір деңгейлес бюджет жүйесінің жиынтығы болып табылады. Бұл бюджеттар қандай да бір (өкілетті) заң органдарымен бекітілмейді, аумақтық немесе тұтас елдегі біріктірілген бюджет көрсеткіштерінің қызметін орындаса да, құқықтық құжат болып есептелінбейді.

Мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті бюджеттерден, біріктірілген бюджет республикалық бюджеттен, облыс бюджеттерінен, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінен және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына жіберілген түсімдерден, ал облыс бюджеті облыс бюджетінен, аудандар, (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінен құралады.

Ұлттық қорға жіберілген түсімдер, біріктірілген бюджеттің бөлшегі болып есептелінеді, сонымен қатар ҚР Ұлттық қоры ҚР Үкіметінің есеп шотындағы тек материалдық активтер емес, жинақталған мемлекеттің активтерін қаржы активтері түрінде, сонымен қатар басқа да мүліктер түрінде құрылады. Қор мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, қаржылық активтерді және материалдық емес активтерден басқа, басқа да мүліктерді, экономиканың мұнай секторына тәуелділігін және сыртқы қолайсыз факторлардың әсерін төмендетуге негізделген.

Сонымен, Ұлттық қордың негізгі мақсаты, тұрақты функциясы республикалық бюджеттің әлемдік конъюнктура құнына тәуелділігін төмендету. Ұлттық қор жинақтау атқарымы болашақ ұрпақтар үшін қаржы активтері мен өзге де мүліктің қорлануын қамтамасыз етеді.

Бюджет тобының құрылымы

Кез келген деңгейдегі бюджетті қабылдау үшін жекелеген бөлімдердегі түсімдер немесе шығындарды құрылымға жинақтап бекітуге дайындау қажет.

Бюджеттің құрылымы келесі бөлімдерден тұрады:

- Кірістер:

- 1) салықтық түсімдер;
- 2) бейсалықтық түсімдер;
- 3) негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер;
- 4) трансферт түсімдері;

- Шығындар:


- Таза бюджеттік несиелендіру:

- 1) бюджеттік несие;
- 2) бюджеттік несиенің өтелуі;

- Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо:
 - 1) қаржы активтерін сатып алу;
 - 2) мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер;
- Бюджеттің тапшылығы (профициті);
- Бюджеттің тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру:
 - 1) қарыздардың түсуі;
 - 2) қарыздардың өтелуі;
 - 3) пайдалануға жарайтын бюджет қаражаты қалдықтары.

Кірістер: бюджеттің негізгі түсімдер түрі

Мемлекеттің өзін-өзі қамтамасыз етуі және өз қызметін қаржыландыруы үшін қажетті ресурстары болуы шарт. Бюджетке әр түрлі көздерден алынатын түрлі қажеттілікті өтеуді қамтамасыз етуге негіз болатын кірістерді біздің заңнамада түсімдер дейді. Толықтай мемлекет немесе жекелеген аймақтарда болсын тәжірибе бойынша біздің әрқайсымыз оны кіріс деп ойлаймыз, түсім деген үлкен ұғымды білдіреді, оған енетін кірістер: бюджеттік несиенің өтелу сомасы, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер, қарыздардың түсуі.



3 сурет –Бюджет түсімдерінің сыныптамаcы
Ескерту -әдебиет көзінен алынған [11,12]

Мемлекеттік бюджеттің кірістері экономиканың тұрақты дамуы кезеңдеріндегі сома түсімдердің үлкен үлесін құрайды.

Бюджет кірістері әртүрлі элементтерге: салықтық және салықтық емес түсімдерге негізгі капиталдарды сатудан және трансферттер түсімдеріне бөлінеді. Кірістер, мақсатты емес трансферттен басқалары, мақсатты пайдалануға енгізілмейді. Мақсатты емес кірістердің мағынасы, мемлекеттік органдарға берілетін мүмкіншіліктерге сәйкес елдің таңдаулы стратегиялық дамуын қамтамасыз етуін қаржыландыруға басымдық бағыт береді. Кейбір

елдерде, мысалы, кейбір салықтық түсімдер әлеуметтік салықтардан түскен мақсатты – сомалар әлеуметтік сақтандыру қорларына жіберіледі, экологиялық салықтардың есебінен қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы қаржыландырылады.

Салықтық түсімдер – бұлар салықтың барлық түрлері бойынша өндірілген анықталған мөлшерде міндетті ақша төлемдері бюджетке, қайтарымсыз және ақысыз күйде түседі. Салықтық түсімдерге одан басқа да ҚР Салық кодексі белгілеген бюджетке түсетін міндетті төлемдер, алымдар, баждар кіреді. Салықтық түсімдер кірістердің негізгі бөлігін құрайды. Басқа да елдердегі сияқты, түсімнің осы түрі бюджеттік салық жүйесінің негізі болып табылады, себебі бұларсыз мемлекеттің өміршеңдігі және мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мүмкін емес. Салықшыларды салықтар көмегімен жеке және заңды тұлғалардың қаржылары мобилизацияланады және қайта бөлінеді. Дамыған елдердің орталық бюджетінде олардың үлесі 80-90% құрайды. Заң теориясы бойынша салықтар жалпы мемлекеттік және жергілікті болып бөлінеді. Осы жерде айта кету керек Қазақстандағы жергілікті салықтар, Парламентте жалпы мемлекеттік салықтар секілді тәртіппен орналастырылады. Бір сөзбен айтқанда, салық түсімдерінің тізбесі (орташа деңгейде) Салық кодексімен, кейбір «жергілікті» салық түсімдерінің ставкалары мәслихаттармен анықталады. Осымен де кейбір елдердің салық жүйесінен айырмашылықтары бар, оларда салық жүйелерін жергілікті өкілетті органдар белгілейді. Қазақстанда «жергілікті» сипаттағы салықтардың жасалуы жергілікті бюджеттің негізгі табыс көзі болып табылады, ал жалпымемлекеттік салықтар, әрине республикалық бюджетке түседі.

Салықтың бірінші түрі республикалық бюджетке түсетін мұнай секторы кәсіпорындарының түсімінен тыс корпоративтік табыс салығы. Осы байланыс бойынша, атап өтетін жағдай төмендегідей, мұнай секторының корпоративтік табыс салығы, республикалық бюджеттен тысқары, тікелей Ұлттық қорға жіберіледі, осылайша (қауіпсіздік жастығын) қалыптастырып экономиканың алға қарай дамуына жол ашады. Корпоративті табыс салығы (ары қарай КТС), өз ретінде – пайда, әрине, кіріс, бұларды ҚР резиденттері сияқты заңды тұлғалар да (мемлекеттік мекемелерден басқа) ҚР резиденттері еместер де алады. КТС 10% немесе 15% ставкасы бойынша төленеді, бұл ставкалар заңды тұлғалар алатын барлық табыстарға қолданылмайды, тек қана салық салынатын табыстарға ғана қолданылады, себебі КСТ салымдарына түзетулер мен шегерімдер болуы мүмкін, яғни кіріс алу қызметін іске асырудағы кеткен шығындар есепке алынады.

КТС-на теориялық баға бере отырып, атап өткен жөн, ол біріншіден тура салыққа байланысты болады, салық төлеуші салықты өзінің меншікті кірісінен төлейді, яғни, салық субъектісі мен оның нақты төлеушісі сәйкес келеді. Екіншіден, ақшалай салық, үшіншіден жалпы мемлекеттік салық. Сипаттамасы бойынша республикалық бюджетті реттеуші болатұра, жергілікті бюджеттердің баланстарын жасауда салықтарды реттеуші болып табылады. Пайдалану

сипаттамасы бойынша жалпы салықтардың осы салық түрінен жиналған сомалар бюджетке түсе салысымен дербестігін жоғалтып кез келген шараларды қаржыландыруға жұмсалады.

Республикалық бюджетке түсетін келесі салық түрі – қосымша құн салығы (ары қарай – ҚҚС), өндіріс үдерісіне және тауар айналымының, жұмыстың және көрсетілген қызмет түрлерінің, сонымен бірге ҚР аумағына әкелінген тауарлардың құнының өсуіне байланысты бюджетке түсетін салық. Бюджетке төленетін ҚҚС, есептелінген салық сомасымен алынған тауарлардың арасындағы, жұмыстың және көрсетілген қызмет түрлерінің айырма сомаларын есепке алу арқылы, белгіленеді (егер де төленген ҚҚС салық салынатын айналымға, сонымен бірге белгілі бір салық заңдарының шарттарын орындауға пайдаланылса).

ҚҚС объектісі: салық салынатын айналым және айналымдағы импорт.

Салық төлеушілер болып ҚҚС төлеуге тіркеу есебіне қойылған, жеке кәсіпкерлікпен тауар сату, жұмыс және қызмет түрлерімен айналысатын заңды және жеке тұлғалар табылады.

ҚҚС 12% құрайды және салық салынатын айналымның және салық салынатын импорттың размеріне қолданылады.

Сонымен бірге (нақтылайтын құжаттары бар болған жағдайда: тауарларды экспорттау, халықаралық жүк тасымалдау, салық төлеушінің жеке өзі өндірген тауарларын өткізу айналымы, ҚР аумағында жасалған контракті бойынша жүзеге асыратын жер асты байлықтарын игеру) нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бар.

Салық құқығы теориясы бойынша ҚҚС, біріншіден, жанама салықтың классикалық түрі, шын мәнінде салық төлеуші заңды тұлға болып - тауар сатушы болғанымен, салықты тауар бағасына қосу арқылы тауар сатып алушы төлейді. Екіншіден, ақшалай салыққа жатады. Сонымен қатар ҚҚС жалпы мемлекеттік, реттеуші және жалпы салық болып табылады.

Акциздер, ҚҚС сияқты, салық төлеушінің кірістеріне де, мүлкіне де тікелей байланысы болмаса да тауар бағасына үстеме қосылады. Акциздердің төлемшілері акцизге тәуелді өнім өндіретін, сататын, импортқа шығаратын жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

Акциз ставкасы тауар бағасының пайызы бойынша және (немесе) өлшем бірлігі абсолют мөлшерінің натурал көрсеткіші бойынша тағайындалады.

Республика бюджетіне ҚР аумағына импортталатын тауарлар және шикі мұнай мен газ конденсаты акциздері түседі.

Акциздің қалған түрлері жергілікті бюджетке түседі.

Әлеуметтік салық жергілікті бюджетке түсетін салықтардың бір түріне жатады, жұмыс берушінің кірісінің 11% ставкасы бойынша есептелінеді, (негізінен еңбек ақысынан), бірақ жұмыс берушінің тікелей қаржысынан төленеді.

Әлеуметтік салықтың төлемшілері (жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар) заңды және жеке тұлғалар. Әлеуметтік салық өз атауына

қарамастан, басқа да салықтардың түрлері секілді, мақсатты пайдалануға жұмсалмайды және де әлеуметтіктен басқа да кез келген бюджет шығындарын қаржыландыруға жұмсалады.

Әлеуметтік салықтың ерекшелігі әр түрлі төлемдер болса да салық салу объектісіне (гранттар қаражаты есебінен, мемлекеттік сыйлықтар, әр түрлі өтемақы төлемдері және т.б.) жатпайтындығы.

Жоғарыда көрсетілген салықтардан басқа да жалпыға бірдей мәлім: жеке табыс салығы (кіріс алатын барлық тұлғаларға тән), мүлікке салынатын салықтар, көлік құралдарына, жер салығы және де бізге белгісіздеу (мәлімсіздеу), бір топтағы тұлғаларға белгілі; экспортқа шығаруға ренталық салық, арнайы төлемдер және жер асты байлығын пайдалануға салынатын салық, ойын-сауық бизнесіне салынатын салық, белгіленген салық, бірыңғай жер салығы.

Салық – бұл мемлекеттің бекітуі. Тек сол ғана азаматтарды белгілі бір көлемде ақшалай қаржыларды беруге міндетті. Қазақстан Республикасында салықты төлеу міндеттемелері азаматтардың Конституциялық міндеттемелерінің қатарына жатады. Осыған байланысты мемлекет саяси үкімет субъект өкілдігіне сүйене отырып әрекет етеді. Әлемдік тәжірибеде салық (алудың) азайтудың үш мүмкіндігі жиі қарастырылады. Атқаратын қызметтеріне байланысты салықтардың жіктелуі маңызды мән алады (5-кесте).

Мемлекет салықтарды пайдалана отырып, елде болып жатқан экономикалық процестерге активті түрде қатыса алады. Салықтар есебінен жиналған ақшалай қаржылар мемлекетке әлеуметтік саясат жүргізуге мүмкіндік береді, соның ішінде өзінің өмір сүру деңгейін минималды деңгейде қамтамасыз ете алатын халық топтарына материалды көмек көрсету мүмкіндігі бар.

Сонымен, олар үшін салық алу (салу) салмағын барынша кемітеді. Мысалы, АҚШ-та салық төлеушінің шет елде төленген салығын салық алымы сомасынан шегеруге рұқсат етілуі мүмкін және оны салық несиесі ретінде ескеруге де болады. Сондай-ақ мемлекетаралық келісім бойынша заңды және жеке тұлғалардың АҚШ-тан тыс елде тапқан табысынан Америкада салық салудан (алу) босатылады. Керісінше, АҚШ-та табыс тапқан шет ел салық төлеушілері өз елінің салық салуынан (алу) босатылады.

Бүгінде республикамызда шаруашылық жүргізуші (шағын және орта бизнес) субъектілеріне салық салу қалай жүргізілуде деген сұрақ көпшілікті қызықтырады. Қазіргі кезеңде елімізде шағын кәсіпкерлік субъектілері, шаруа (фермер) қожалықтары, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар, кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін салық салудың арнайы салық тәртібі орнатылған. Кәсіпкер бұл арада өзінің қызметінің меншігіне, алатын табысының мөлшеріне байланысты аталмыш немесе басқа түрін қолдануға құқығы бар.

1-кесте - Салық жүйесінің жіктелу белгілері

Белгілері	Салық түрлері	Қысқаша сипаты
Салық төлеушілерге байланысты	Тікелей	Салық төлеушінің табыстары мен мүліктеріне байланысты емес тікелей баға және тарифке үстеме ретінде орындалатын салық
	Жанама	Салық төлеушілердің табыстары немесе мүліктеріне тікелей байланысты емес бағаға немесе тарифке үстеме ретінде
Төлеу формасына байланысты	Натуралды	Салық өндірілген өнім мөлшері ретінде орнатылды
	Ақшалы	Ақшалы формада салық төленеді
Субъектілер бойынша	Заңды тұлғалардан төленетін салық	Заңды тұлғалар субъектілері болып табылатын (оның ішінде резиденттер және резиденттер емес корпорациялық салық)
	Жеке тұлғалардан төленетін салық	Жеке тұлғалар төлейтін жеке салығы
Территориялық деңгейге байланысты	Жалпы мемлекеттік	Мемлекеттік кіріс болып табылатын салық
	Жергілікті	Жергілікті бюджет кірісінің көзі болып табылатын салық және әкімшілік-территориялық құрылымға байланысты
Пайдалану сипатына байланысты	Жалпы мақсатты салықтар	Жалпы ақша қоры ретінде сәйкесті деңгейдегі бюджетке төленеді
	Мақсатты салықтар	Мақсатты бюджеттен тыс қорларға төленетін, бөлек тармақпен көрсетіледі
Бюджеттік реттеу құралы ретінде	Бекітілген	Нақты бюджетке кіріс көзі ретінде заңға сәйкес бекітілген
	Реттейтін	Әр жылдың бюджетті бекіту процесінде жоғары бюджеттен төменгі бюджетке оны тежеу мақсатында берілетін салық
Ескерту -әдебиеттер көзінен алынып, автормен құрастырылған [14,15]		

Кез-келген мемлекет өзінің қаржылық базасы болғанда ғана өмір сүре алады, басқаша айтқанда, өзінің аппаратын ұстауға және өзінің функцияларын орындау процесінде туындайтын шығындарды жабуға ақшалай қаржылары болғанда ғана өмір сүре алады. Жаңа инвестициялық салық преференциялары тек қана корпоративтік табыс салығы бойынша ғана берілетін болады.

Салық ауыртпалығын салық жүйесінің сапалық көрсеткіші ретінде де қарастыруға болады, өйткені, дұрыс жолға қойылған салық жүйесі мемлекеттің қажеттілігін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге, салық төлеушілердің ынтасын төмендетпеуі, әлеуметтік жағдайын әлсіретпеуі керек және оларды шаруашылық жүргізудің тиімділігін арттырудың жолын іздестіріп отыруға міндеттеуі тиіс.

Салықтық есеп түсімдер – бұл да міндетті және қайтарымсыз төлемдер. Алайда Бюджеттік кодекстің ережесіне сәйкес салықтық емес түсімдер келесі түсім түрлеріне – негізгі капиталды сатудан, грантқа байланысты, сонымен қатар, трансферттерден тыс, бюджетке өтеусіз берілетін ақшалай қаражаттар.

Салықтық емес түсімдер түрлеріне кіретін түрлі табыстар мемлекеттік меншікті басқару (мемлекеттік мүлікті басқарудан түсетін таза табыстар, тікелей жалға беру, акциялардан түсетін дивиденттер және т.б.) мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін табыстар;

- айыппұлдар;
- өсімдер;
- санкциялар;
- мемлекеттік мекемелер, сонымен қатар әкімшілік, тіпті белгісіз түсулер.

Бюджетке негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер:

1) мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген, мемлекеттік мүліктерді сатудан;

2) мемлекеттің материалдық резервтеріндегі тауарларды сатудан; 3) Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған тәртіпке сәйкес мемлекеттің меншігіндегі жер телімдерін жеке меншікке сатудан, және де жерді тұрақты немесе уақытша пайдалануға беруден немесе халықаралық шарт жасау арқылы жүзеге асырылған басқа да түсімдер;

4) мемлекеттің иелігіндегі материалдық емес активтерді сатудан.

Трансферт түсімдері дегеніміз - трансферттердің бір бюджеттен келесі бюджетке түсуі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан республикалық бюджетке түсуі. Трансферттер бюджеттің деңгейіне орай жалпы сипаттағы трансферттер, ағымдағы мақсатты трансферттер, дамуға арналған мақсатты трансферттер деп бөлінеді.

Жалпы сипаттағы трансферттер қатарына бюджеттік субвенция (жәрдем қаржы) және бюджеттік алымдар жатады.

Бюджеттік субвенция дегеніміз –трансферттердің жоғары бюджеттен төменгі бюджетке берілуі, ал бюджеттік алымдар – трансферттердің төменгі бюджеттен жоғары бюджетке берілуі.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі абсолюттік айтылуы бойынша үш жылдық мерзімге, атап айтқанда әр жылға бөліне отырып белгіленеді және әр үш жылда өзгертулер енгізуге негізделеді. Бұл трансферттер аймақтардың бюджетпен қамтамасыз етілуін теңдестіруге және мемлекеттің кепілдемесіне сәйкес қызмет көрсетуде бюджеттің әр деңгейіне тең фискальдық жағдай туғызуға бағытталады. Жалпы сипаттағы трансферттерді анықтағанда аймақтың салық потенциалы есепке алынады, аймақтағы мемлекеттік қызметті пайдаланушылар саны, бекітілген стандарттарға сәйкес мемлекеттік қызмет және оның факторлары әсер ететін шығындар осы немесе басқа аймақтың ерекшелігіне тәуелді болады.

Мақсатты трансферттер: ағымдағы мақсатты трансферттер және даму бойынша мақсатты трансферттер болып бөлінеді.

Ағымдағы мақсатты трансферт болып жоғарғы бюджеттен төменгі республикалық немесе жергілікті бюджеттің бекітуімен берілетін жекелей

ағымдағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға жұмсалатын, жалпы сипаттағы трансферттер есебіне кірмейтін белгілі сома шегі.

Ағымдағы мақсатты трансферттер туралы мағлұмат алу үшін, республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне: жаңадан салынатын денсаулық, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету; дәрі-дәрмек құралдарын, вакциналар және басқа да иммунобиологиялық препараттарды сатып алу; әлеуметтік қызметке стандарттарды енгізу; медициналық-әлеуметтік мекемелерде күндіз болу жүйелерін дамыту; өкіметтік емес секторларға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар беруге және т.б.

Ағымдағы республикалық мақсатты трансферттерді пайдалану және бөлу ҚР Үкіметінің шешіміне сәйкес белгіленеді.

Атап айтқанда, ағымдағы мақсатты трансферттер қай бюджетте және қандай сомада қаралғандығын Республикалық бюджет туралы заңнан, немесе маслихаттың шешіміне сәйкес әкімшілік-аймақтық бірліктерден көреміз бе.

Даму бойынша мақсатты трансферттар болып республикалық немесе жергілікті бюджетте бекітіліп, жоғарғы бюджеттен төменгі бюджетке берілген сомалар шегі:

ҚР стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының негізіне сүйене отырып, жергілікті атқарушы органдардың ұсынуымен жүзеге асырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар;

ҚР стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының негізіне сүйене отырып, мемлекеттің жоғарғы органдарының құзырындағы шараларды мемлекеттің төменгі органдарының орындауы, экономикалық пайда табуға немесе экономикалық-әлеуметтік жетістікке қол жеткізуге бағытталады.

Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру және дамыту үшін мақсатты трансферттер жоғарғы бюджеттен бөлінеді және жергілікті бюджеттен қосымша қаржыландыруға жол беріледі.

Мақсатты трансферттер жоғарғы бюджеттің бюджеттік администраторы арқылы аударылады, ол үшін ағымдағы қаржы жылының 20 қаңтарынан кешіктірілмей жоғарғы бюджеттің бюджеттік бағдарламасының администраторы тиісті әкімшілікпен мақсатты трансферттердің қорытындысы туралы келісім жасайды, сонымен қатар бюджеттік бағдарламаға сәйкес барлық төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары жасалады және бекітіледі. Барлық төлемдер құжаттармен расталатыны белгілі.

Төменгі бюджеттегі мақсатты трансферттерге аударымдар қаржыландырудың жеке жоспарының негізінде тиісті бюджеттік бағдарламаға сәйкес, белгілі тәртіппен бекітілген төлемдер бойынша төменгі бюджеттің администраторы арқылы жасалады.

Аудан әкімшілігі (облыстық маңызы бар қала) бөлінген мақсатты трансферттердің келісімге сәйкес пайдалануы, жеткен жетістіктері және қорытындылары бойынша тиісті облыстық әкімшілікке жарты жылдық және жылдық есеп береді.

Ал, Алматы және Астана қалаларының әкімшіліктері осындай есептерді республикалық бюджеттік бағдарламалардың администраторына тапсырады.

Шығыстар - бюджет шығындарының бір түрі

Бюджеттен мемлекеттің өзінің функцияларын орындауға сәйкес кеткен шығындарын, бюджет шығындары деп атайды (шығындар, бюджеттік несиелер, қаржы активтеріне ие болу, қарыздардың өтелуі).

Бюджет шығындарына төмендегідей бюджет қаржылары, мемлекеттік органдардың қызметі және өкілеттігі арқылы орындалатын және игерілетін бюджет шығындары жатады. Негізгі шығындарды ажырату категориясының белгісі, бюджеттік қаржыны қайтарымсыз негізде бөлу болып табылады. Шығындарды басқа да шығыс түрлерімен салыстырсақ, мысалы, бюджеттік несиелер, қаржы активтеріне ие болу, қарыздардың өтелуі және қызмет көрсетуі, басқа шығыстарға қарағанда қайтарылуы, яғни белгіленген шарттарға сәйкес белгілі бюджетке қайтарылуға тиіс (4-сурет).



4 сурет –Бюджеттік шығыстардың бағыттары
Ескерту -әдебиет көзінен алынған [16]

Мемлекеттік органдардың өкілеттілігіне және шығыстарды бөлу логикасына сәйкес, оның орындалу ауқымына және саяси маңыздылығына көз жүгіртсек, республикалық бюджет өзінде ерекше маңызды шығыстар баптарын ұстайтындығын көреміз. Сондай шығыс түрлеріне шек қоймай-ақ: салық органдарының қызметін, мемлекеттің ішкі саясаттық қызметін, мемлекеттің қорғанысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету қызметтерін және басқаларды жатқызуға болады (5-сурет).



5 сурет –Бюджет шығыстарының сыныптамасы
Ескерту -әдебиет көзінен алынған [17]

Мемлекеттік биліктің кез келген деңгейіндегі, мемлекеттік органдардың басқаруымен орындалатын бюджет шығыстары өзінің қызметіне байланысты, белгіленген мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес іске асырылады. Шығындардың өзгешелігі республикалық бюджеттен, облыстық бюджеттерге, Алматы және Астана қалаларының, сонымен бірге облыстық маңызы бар аудандар мен қалалардың бюджеттеріне бөлінеді.

2 ҚР бюджетіне түсетін салықтық түсімдерді талдау

2.1 ҚР бюджет жүйесінің қазіргі жағдайын талдау

Бюджет саясаты мемлекеттік қаржының тұрақтылығын нығайтуға және экономиканың одан әрі өсуін қолдауға бағытталуы тиіс.

Сондықтан 2019 – 2021 жылдарға арналған бюджет саясатының негізгі міндеттері:

- бюджеттің мұнай кірістеріне тәуелділігін төмендету;
- Ұлттық қордың активтерін тұрақтандыру және сақтау;
- бюджет шығыстарының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру;
- фискалдық орталықсыздандыруды жалғастыру және жергілікті атқарушы органдардың дербестігін арттыруға бағытталған.

Бюджеттің мұнай кірістеріне тәуелділігін төмендету мақсатында бюджет саясаты ЖІӨ-ге қатысты мұнай емес тапшылықты бірте бірте төмендету және мұнай емес кірістеріді ұлғайту негізінде қалыптастырылатын болады (2-кесте).

2 кесте –Жалпы ішкі өнімдегі мемлекеттік кірістер мен шығыстардың үлесі

Атауы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жылдың 1 желтоқсаны
<i>Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге</i>	39 675,8	40 884,1	46 971,2	53 101,3	39 874,1 ²
<i>Мембюджетке кірістер, млрд. теңге</i>	7 321,3	7 634,8	9 308,5	11 567,7	9 985,5
ЖІӨ-ге %-бен	18,0	18,7	19,8	22,4	25,0
<i>Мембюджеттен шығындар, млрд. теңге</i>	7 791,9	8 227,1	9 433,7	12 485,4	10 025,4
ЖІӨ-ге %-бен	19,1	20,1	20,1	24,2	25,1
<i>Мембюджеттің тапшылығы (-) / профициті (+), млрд. теңге</i>	-1 086,7	-915,7	-737,7	-1 455,3	-365,0
ЖІӨ-ге %-бен	2,8	-2,2	-1,6	-2,8	-0,9

Ескерту -ҚР Қаржы министрлігінің Статистикалық бюлетенінен алынып жасалды - [18,19,20]

Орта мерзімді кезеңде мұнай емес тапшылық деңгейін 2020 жылы ЖІӨ-ге қатысты 7,0 %-ға дейін төмендетуі бағдар болып табылады.

Бұл ретте бюджет тапшылығын 2019 жылдан бастап ЖІӨ-ге қатысты 1,0 % деңгейде ұстап тұру жоспарланып отыр, бұл Үкімет борышын ЖІӨ-ге қатысты 25,0 %-дан аспайтын деңгейде сақтауға мүмкіндік береді. Ел экономикасындағы мемлекеттік кірістер мен шығыстардың рөлін 2-кестеден байқауға болады.


Жалпы мемлекеттік бюджеттің құрамы мен динамикасы талдайтын болсақ, салықтардың мемлекеттік бюджетке түсімдері жылдан жылға көбейіп отыр (3-кесте).

3 кесте –Мемлекеттік бюджеттің құрамы мен динамикасы, жыл басына млрд. теңге

<i>Атауы</i>	<i>2016ж.</i>	<i>%-те үлесі</i>	<i>2017ж.</i>	<i>%-те үлесі</i>	<i>2018ж.</i>	<i>%-те үлесі</i>	<i>2017 жылмен салыстырғанда өзгерісі, %</i>
Мемлекеттік бюджет кірістер	9 308,5	100%	11567,7	100,00%	9 985,5	100,00%	-13,7
Салық түсімдері	6023,3	64,7%	6810,8	58,8%	7115,8	71,3	4,47
Салық емес түсімдер	369,4	3,9%	273,8	2,3%	189,1	1,89	-30,9
Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер	69,2	0,74%	68,6	0,6%	80,5	0,8	17,4
Трансферттер	2855,6	30,7%	4414,3	38,1%	2600	26,0	-41,1
Ескерту -әдебиеттер көзінен сандық мәліметтер алынды [19,20,21]							

3-кестеден көріп отырғанымыздай, 2017 жылмен салыстырғанда ҚР мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер 11567,7 тенгеден 2018 жылы 9 985,5 млрд. тенгеге, яғни -13,7 %-ға кеміген. Сондай-ақ кему қарқыны салықтық емес түсімдерде (30,9 %) мен трансферттерден (41,1 %) де байқалады. Ал салықтық түсімдер 6810,8 млрд. теңгеден 7115,8 млрд. теңгеге, яғни 4,47%-ға артқан.

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, мемлекеттік бюджеттегі салықтық түсімдердің үлесі өте жоғары, мысалы 2016 жылдың есебінде 64,7%-ды құраса, 2017 жылы жалпы мемлекеттік кірістің көлемінің артқанына қарамастан 58,8%-ды құраған. Себебі ҚР Ұлттық қорынан аударылған трансферттер 38,1%-ды құрап отыр. Салықтық түсімдердің өсу динамикасы байқалады, сәйкесінше мемлекеттік бюджет түсімдерінің өсіп отырған (6-сурет).



6 сурет –Мемлекеттік бюджет кірістері мен салықтық түсімдердің динамикасы

Ескерту -сандық мәліметтер ҚР Бюджеттің атқырылуы Стат. Бюлетеннен алынды [19,20,21]

1-суреттен көріп отырғанымыздай, мемлкеттік бюджетке түсетін кірістер мен оның ішінде, салықтық түсімдер өсу динамикасын көрсетуде, дегенмен 2015 жылы күрт түсіп, 2017 жылы қайта көтерілген. Жалпы салықтық түсімдердің мемлекеттің бюджеттегі орнын мен рөлін анықтаған кейін, салықтық түрлері бойынша динамикасы мен құрамын анықтайық (4-кесте)

4 кесте –Мемлекеттік бюджеттегі салықтың түрлері бойынша түсімдер, (млрд.теңге)

Атауы	2015 ж. есеп	2016 ж. есеп	2017 ж. есеп		2018 ж. қантар-қараша есеп
			Жылдық	Қантар-қараша	
1	2	3	2	4	5
КІРІСТЕР	7 634, 8	9 308, 5	11 567,7	10 453, 8	9 985,5
<i>Салықтық түсімдері, оның ішінде:</i>	4 883, 9	6 023,3	6 810,8	6 007,4	7 11, 8
корпоративтік табыс салығы	1 224, 6	1 437,4	1 538,7	1 248, 9	1 361, 8
жеке табыс салығы	598, 8	691, 7	750, 2	671, 2	747, 2
әлеуметтік салық	464, 6	530,4	576, 6	511, 2	544, 7
қосылған құн салығы	944, 4	1 495, 7	1 664, 7	1 539, 9	1 955, 7
Акциздер	161, 1	205, 2	255, 9	236, 1	287,3

Ескерту -ҚР Қаржы министрлігінің Статистикалық бюлетенінен алынған [18]

Бюджеттік кірістердің ішінде айтарлықтай үлесті салықтық түсімдер иеленеді 2015 жылы -54,31 %, 2016 жылы -55,8% , ал 2017 -50,02 %-ды құраған. Салықтық түсімдер сомасының өскеніне қарамастан, үлестік қатынасы 50,02%-ге дейін төмендеген. Аталмыш өзгеріс трансферттердің түсуімен байланысты 2015 ж. – 42,9%, 2016ж. – 40,2%, ал 2017 ж. - 48,74% республикалық бюджеттің барлық түсімдерінен (7-сурет).



7 сурет -2018 жылғы ҚР мемлекеттік бюджетіндегі салықтық түсімдердің құрамы

Ескерту -сандық мәліметтер ҚР Бюджеттің атқырылуы Стат. Бюлетеннен алынды [21]

Салықтық түсімдердің ішінде ең көп үлесті Қосылған құн салығы -38%, корпоративтік табыс салығы -31% құраса, жеке табыс салығы 14%, ал әлеуметтік салық 11%, ал акциздер 6%-ды құраған.

Республикалық енгізілген бюджет пен атқарылған бюджеттің айырмашылығын, яғни бюджеттің атқарылуын келесі кестеден көруге болады.

2018 жылға арналған республикалық бюджетке түсетін кірістер 8 651 742,6 млн. теңге сомасында көзделген. 1 қаңтарға кірістер 8 789 004,5 млн.теңге немесе жылдық жоспарға 101,6% түсті, 137 261,9 млн. теңгеге артық орындалды.

Республикалық бюджетке түсетін *салық түсімдері* жылдық жоспар 5 592 394,4 млн.теңге болғанда 5 694 904,4 млн. теңгені немесе 101,8% құрады, 102 510 млн.теңге асыра орындалды. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсу қарқыны 117,5%-ды құрады (5-сурет).

5 кесте – Республикалық бюджеттің атқарылуы

Атауы	2018 жылға түзету енгізілген бюджет (млн. теңге)	2018 жылғы атқарылуы (млн. теңге)	бір жылға түзету енгізілген бюджеттің атқарылу %-ы
КІРІСТЕР	8 651 743	8 789 004,5	101,6
<i>Салықтық түсімдер оның ішінде:</i>	<i>5 592 394</i>	<i>5 694 904,4</i>	<i>101,8</i>
корпорациялық табыс салығы	1 755 201	1 687 491	96,1
қосылған құн салығы	2 147 825	2 034 313,9	94,7
акциздер	99 192	95 277,7	96,1%
Ескерту - ҚР Қаржы министрлігінің Статистикалық бюлетенінен алынған [21]			

Мыналар бойынша артығымен атқарылу байқалып отыр:

- *табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін* 334 920,9 млн.теңге жоспарда бюджетке 387 465,0 млн. теңге немесе 115,7% түсті. Жоспар пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС) есебінен асыра орындалды. 45 968,7 млн. теңге (жоспарға 117,5 %), 262 748,6 млн.теңге жоспарда іс жүзінде 308 717,3 млн. теңге түсті.

2017 жылмен салыстырғанда ПҚӨС бойынша түсімдердің 49 534,6 млн. теңгеге немесе 19,1%-ға өсуі (2017ж. - 259 182,8 млн.теңге) металдар бағасының орташа 6,5%-ға өсуіне байланысты болды. Рентабельділікке шығуына байланысты «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 17 500,0 млн. теңгеге түсімдердің барынша артуын қамтамасыз етті.

- *халықаралық сауда-саттық пен сыртқы операцияларға салынатын салықтар бойынша* атқарылу 2018 жылдың жоспарына 117,5%-ды құрады (жоспар 1 210 618,0 млн.теңге, іс жүзінде 1 422 717,8 млн.теңге). Асыра орындау шикі мұнайға ЭКБ бойынша түсімдер есебінен 213 494,2 млн.теңгеге немесе жоспар бойынша 847 275,0 млн. теңгеге іс жүзінде 1 060 769,2 млн. теңге түсті.

ЭКБ 15 АҚШ долларына ұлғайту (2018 ж. сәуірде РБ нақтылау кезінде) 55 АҚШ доллары деңгейінде белгіленді, 2018 ж. АҚШ доллары мөлшерінде қалыптасты), мұнай бағасының барреліне 17,0 АҚШ долларына (2017ж. \$54,7-ден 2018ж.\$ 71,7 дейін) АҚШ доллары бағамының 18,8 теңгеге (2017ж. 326,1 теңгеден 2018ж. 344,9 теңгеге дейін) 2017 жылмен салыстырғанда түсімдердің өсуі 2017 жылмен салыстырғанда шикі мұнайға салынатын ЭКБ 5 есеге немесе 854 530,3 млн. теңгеге ұлғаюы болды (2017 ж. іс жүзінде - 206 238,8 млн. теңге);

- *бюджетке ойын бизнесіне салынатын салық бойынша* бюджетке 26 845,9 млн.теңге немесе 12 805,5 млн.теңге жоспардан 2 есеге көп түсті, бұл

ретте 2017 жылмен салыстырғанда өсу қарқыны 228,5%-ды құрады (іс жүзінде 2017 жылда – 11 746,4 млн.теңге). Жоспарды асыра орындау салықтық тексеру нәтижелері бойынша 2 264,7 млн.теңге мөлшерінде «OLIMP KZ» ЖШС-дан біржолғы төлемдерді есепке алуға, 2014-2017 жылдарда 3 054,7 млн.теңге мөлшерінде қосымша СЕН бойынша және «Alpha-bet» ЖШС 2017 жылғы 3-4 тоқсанға қосымша СЕН бойынша 1 481,4 млн.теңге мөлшерінде біржолғы төлемдердің есептелуіне байланысты;

- *заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды тұлғалар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер бойынша* 27 316,5 млн.теңге жоспар кезінде 35 335,4 млн.теңге немесе есепті кезеңнің жоспарына 29,4% артық түсті, төлемнің бұл түрі өтініштердің нақты санына және іс-әрекеттердің жасалуына байланысты;

- *кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар* 4 516,1 млн. теңге жоспарда 5 371,7 млн. теңге сомасында немесе 118,9% түсті. Жоспардың негізгі асыра орындалуы ҚР аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алынатын алым есебінен 800,2 млн. теңгеге (жылдық жоспар – 4 069,3 млн.теңге, іс жүзінде – 4 869,6 млн.теңге) ҚР аумағына кірген автокөлік құралдары санының артуына байланысты қалыптасты;

Дегенмен мыналар бойынша жоспар орындалған жоқ:

- *корпоративтік табыс салығы бойынша* 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы 148 791,5 млн.теңгеге (109,7 %-ға) түсімдердің өсіміне қарамастан, жоспар 67 623,7 млн.теңге сомаға орындалмаған.

КТС бойынша түсімдер болжамының орындалмауына мыналардан түсімдердің төмендеуі әсер етті:

- *кірістіліктің төмендеуі, банкроттық, лицензияны кері қайтарып алу және басқалар себебінен екінші деңгейдегі банктерден* 35 600,0 млн.теңгеге (41%-ға);

- *2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2018 жылдың 1-жарты жылдығында сату бойынша айналымның 11%-ға төмендеуі* себепті уран өндіретін компаниялардан 26 100,0 млн.теңгеге (47,2%-ға);

- *кірістердің төмендеуі себепті* 20 000,0 млн.теңгеге тау-кен өндіру компанияларынан («Қазхром» ТҰК» АҚ - 25 900,0 млн.теңгеге, «Қазмырыш» ЖШС - 16 900,0 млн.теңгеге, «ССГПО» АҚ - 3 900,0 млн.теңгеге, «Восход-Oriel» ЖШС - 2 300,0 млн. теңгеге);

- *қосылған құн салығы бойынша* 2 147 825,2 млн.теңге жоспарда 2 034 313,9 млн.теңге немесе 94,7 % түсті, оның ішінде мыналар бойынша:

Іште өндірілетін тауарларға салынатын ҚҚС жоспар 93 609,2 млн.теңгеге немесе 90,7% орындалмады. (2018 жылда жоспар – 1 002 963,8 млн.теңге, 2018 жылда іс жүзінде– 909 354,6 млн.теңге).

ҚҚС бойынша жоспардың орындалмауына мынадай себептер бойынша жол берілді:

- Павлодар мұнай-химия зауытын жаңғырту бойынша жұмыстарды

аяқтау «Павлодарспецмонтаж» ЖШС 700,0 млн. теңгеге, ПМХЗ ЖШС 600 млн.теңгеге, «Проммашкомплект» ЖШС 300,0 млн.теңгеге түсімін төмендетті;

- салық төлеушілердің дербес шоттарындағы артық төлемнің болуы мынадай салық төлеушілердің түсімдерінің азаюына алып келді: «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы» АҚ 1 500,0 млн.теңге сомасында, «ForteBank» АҚ-116,5 млн.теңге, «Сенімді Құрылыс» ЖШС - 59,4 млн.теңге, «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» - 65,2 млн.теңге, «Каспиан Дреджинг энд Марин Контракторс» - 9,8 млн. теңге және басқалар.

- салықтың басқа түрлеріне артық төленген сомаларды есепке жатқызуды және қайтаруды жүзеге асыру 2 800,0 млн.теңге сомасына салықтың осы түрінің түсуін азайтқан (ең ірі сома: «КаР-Тел» ЖШС – 1 100 млн. теңге; «Karabatan Utility Solutions» ЖШС - 600,0 млн.теңге, «EDU Stream (ЭДУ Стрим)» ЖШС - 100,0 млн.теңге; «Kazakhstan Paramount Engineering» (Қазақстан Парамаунт Инжиниринг») – 200 млн.теңге, "ЮЖПРОМСНАБ" ЖШС - 100,0 млн.теңге).

2017 жылмен салыстырғанда түсімдер 107 083,3 млн. теңгеге өскен кезде импортқа ҚҚС (2017 жылғы іс жүзіндеіге 110,5%) жоспар орындалмады 19 902,1 млн. теңге немесе 1 144 861,5 млн. теңге жоспардан 1,7% кем, бюджетке 1 124 959,3 млн. теңге түсті.

ҚҚС бойынша түсімдер болжамының орындалмауы мынадай факторларға байланысты:

- еркін қойма салық режиміне көшуге байланысты «Қазхром» ТҰК» АҚ 6 700 млн.теңгеге түсімдердің төмендеуі (КБЖС босатылған);

- бір жолғы ірі жеткізілімдердің болмауы МабкоКонстракшн 2 300 млн. теңгеге, «Қытай мұнай инженерлік-құрылыс корпорациясы» қазақстандық филиалы 2 300 млн.теңгеге, «Атырау қаласындағы энергетикалық және химиялық жобалар бойынша Марубени» корпорациясының филиалы 1 800 млн. теңгеге және т. б. түсуін төмендетті;

- 2018 жылғы қаңтар-қазанда импорттың іс жүзіндегі өсу қарқыны 111,7% деңгейінде қалыптасты, 2018 жылға арнап нақтыланған бюджетте болжанатын өсу қарқыны 112,1%-ды құрады;

- *акциздер бойынша* 99 191,5 млн.теңге жоспарда 95 277,7 млн. теңге немесе 96,1% түсті. Негізгі орындамау Қазақстан Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінетін темекі өнімдерінің импорты көлемінің азаюына байланысты.

Кез-келген салық жүйесінің шешуші түрдегі сапалық сипатын көрсетететін және оны әлеуметтік тұрғыдан бағалаудың ең маңызды көрсеткіштерінің бірі – оның ауыртпалығы, яғни қоғамның экономикалық және әлеуметтік өміріне салықтардың түсіретін қысымының мөлшері.

Қазіргі кезде ғылыми әдебитеттерде салық ауыртпалығы бір неше түрге бөлініп қарастырылады: экономиканың (мемлекеттік тұрғыдан) салық ауыртпалығы, халықтың салық ауыртпалығы және жұмысшы мен кәсіпорындардың салық ауыртпалығы. Осылай бөлу арқылы қалыптасқан

иерархияны ұстана отырып, салық ауыртпалығын екі аспектіде қарастыруға болады: макродеңгей, яғни салық салу ауыртпалығының тұтастай бір елге (экономикаға және тұтастай халыққа тигізетін әсерін қарастыратын болса), микродеңгей – аталған ауыртпалықтың әлеуметтік топтарды құрайтын жұмысшының және қандай да бір кәсіпорындардың көтеретін салық ауыртпалығын қарастырады [28].

Салық ауыртпалығын салық жүйесінің сапалық көрсеткіші ретінде де қарастыруға болады, өйткені, дұрыс жолға қойылған салық жүйесі мемлекеттің қажеттілігін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге, салық төлеушілердің ынтасын төмендетпеуі, әлеуметтік жағдайын әлсіретпеуі керек және оларды шаруашылық жүргізудің тиімділігін арттырудың жолын іздестіріп отыруға міндеттеуі тиіс.

Аталған салық ауыртпалығын есептеудің қандай да бір әдісін қолдану кезінде, олардың ешқайсысының да таза күйінде шаруашылық жүргізуші субъектлердің салықтық ауыртпалығын нақты түрде көрсетпейтінін байқауға болады (әрқайсысының өзіне тән кемшіліктері бар). Ол, салық жүйесіне салық мөлшерлемелерін төмендету немесе жоғарылату, салық жеңілдіктерін белгілеу өзгерістер енгізген кезде пайда болатын салдарлардың алдын алуға мүмкіндік береді және есептеудің ең қарапайым түрі.

Кез келген мемлекеттің фискалдық саясатының басты бағыттарының бірі салық заңнамасын және салықтық әкімшілендіру практикасын жетілдіру болып табылады. Бұл ретте әрбір мемлекет салық жүктемесін оңтайландыруға ұмтылады, ол ең алдымен бір жағынан мемлекет және екінші жағынан салық төлеушілер мүдделерінің теңгерімділігімен сипатталады.

Оңтайлы салық жүктемесінің есептеуінде көптеген экономистер салық түсімдерінің салық ставкасынан параболикалық тәуелділігін көрсететін Лаффера қисығын қолдануға бейім. Осы қисыққа сәйкес салық ставкасының сыни мәні бар, бұл кезде салық түсімдерінің сомасы өзінің максимумына жетеді. Әртүрлі елдердегі салық түсімдерін талдау негізінде алынған эксперименталды мәліметтерден мұндай түсімдердің ең жоғары көлеміне салық ставкасы 40-50% - ға жететіні анықталды. Жоғары мөлшерлеме кезінде іскерлік белсенділіктің күрт төмендеуі орын алады, кәсіпкерлікке ынталандырулар жоғалады, көлеңкелі экономиканың дамуына күшті түрткі пайда болады.

Іс жүзінде елдер бойынша салыстырмалы салық жүктемесінің деңгейі айтарлықтай ерекшеленеді. Оны салыстыру үшін салық түсімдерінің жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) көлеміне арақатынасының көрсеткіші неғұрлым жиі қолданылады. Бұл көрсеткіш түрлі елдердегі салық жүктемесін салыстыру әдісі қандай да бір шамада болса да, елдің нақты салық жүктемесі ұлттық салық жүйесінің ерекшеліктеріне, салықтық әкімшілендіру сапасына және салық мәдениетін қалыптастыру факторына байланысты екенін ескеру қажет.

2003 – 2018 жылдары арасында салық ауыртпалығының деңгейі келесі кестеде көрсетілген. Оның мөлшері бюджет кірістерінің жалпы ішкі өнімге ЖІӨ қатынасы арқылы анықталды (6-кесте).

6 кесте –Қазақстан Республикасында салық ауыртпашылығының деңгейі

Жылдар	ЖІӨ-нің өсуі, алдағы жылға карағанда, %	Бюджет түсімдері, ЖІӨ-ге %
2003 ж	101,7	24,2
2004 ж	98,1	21,9
2005 ж	102,7	19,5
2006 ж	109,8	22,6
2007 ж	113,5	25,1
2008 ж	109,5	22,6
2009 ж	110,5	23,5
2010 ж	112,3	24,7
2011 ж	111,6	22,9
2012 ж	109,2	22,1
2013 ж	107,5	19,7
2014 ж.	105,0	19,3
2015 ж.	106,0	18,1
2016 ж.	104,3	16,3
2017 ж.	104,0	18,5
2018 ж	104,1	21,6
Ескерту -әдебиет көздерінен алынып құрастырылған [18,19,20,21]		

6-кестеде көрсетілгендей, 2018 жылы бюджет түсімдері ЖІӨ-нің 21,6%-ын құрайды. Бұл Қазақстан Республикасында салық ауыртпашылығының деңгейі онша жоғары еместігін көрсетеді.

Салық жеңілдіктерінің оптимизациялануы салық салу базасын кеңейте түседі және рентабелділік деңгейі бірдей кәсіпорындардың қызметіне біртекті жағдай жасайды. Оның негізінде екі мұнайхимиялық өндіріс және жоғарғы қосымша құн өндірістер үшін ерекше салық режимдері қысқартылады.

Жаңа инвестициялық салық преференциялары тек қана корпоративтік табыс салығы бойынша ғана берілетін болады.

Бұл салық бойынша жеңілдіктер инвестицияларды үш жылға дейін жылдамдатылған шегерімдер арқылы беріледі. Сонымен қатар, залалдарды ауыстыру үш жылдан он жылға дейін ұзартылған. Бұл өз жағынан инвестицияларды жылдам өтеу артықшылығын пайдалану мүмкіндігін арттырады. Преференциялар автоматты түрде кен өндіру саласының кәсіпорындары өтініштері бойынша берілетін болады.

Бүгінгі еліміздегі экономикалық саясат пен әлеуметтік жағдайды ескере отырып, салық салу тұжырымдамасы алдымен негізгі мынандай міндеттемелерді шешкені абзал:

- мемлекеттік бюджеттің тұрақтылығы мен таластылығы;
- антиинфляциялық механизмді қалыптастыру және меншік пен валюта тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- кең масштабты инвестицияны қалыптастыру;

- меншік түріне қарамай-ақ барлық шаруашылық субъектісінің іскерлік белсенділігін барынша ынталандырады.

Қазақстан Республикасындағы салықтық мөлшерлемелердің шамасы келесі 7-кестеде келтірілген.

7 кесте –Қазақстан Республикасындағы салықтар мен міндетті төлемдердің түрлері мен мөлшерлемелері

Салық түрі	Мөлшерлеме, %
Қосымша құн салығы	12
Корпоративтік табыс салығы	20-5
Жеке табыс салығы	10
Акциздер	Тұрақты сома
Әлеуметтік салық	9,5
Мүлік салығы	Объект параметріне байланысты
Жер салығы	Объект параметріне байланысты
Көлік құралдарына салынатын салық Кен орындарын пайдаланушыларға салынатын арнайы салықтар мен мөлшемдер	Объект параметріне байланысты Келісім-шартқа сай
Алымдар мен төлемдердің барлық түрлері	Тұрақты сома
Ойын бизнесіне салынатын басқа да салықтар, тұрақты салықтар	Кодексіке сай
Кедендік баждар	Объект параметріне байланысты
Пайдадан тыс салықтар	Келісім-шартқа сай
Бонустар	Объект параметріне байланысты
Ренталық салық	Объект параметріне байланысты
Ескерту -ҚР Салық кодексі негізінде автормен құрастырылған [22]	

Мемлекетаралық екі жақты экономикалық байланыстарда екі жақтан салық салудың (алудың) мәселелері жиі кездеседі. Осы мәселе заңды және жеке тұлғалар мүдделерін алдымен қамтиды. Себебі олар табысты өз елінің территориясында ғана емес шет елден де жүргізіледі.

Кез-келген мемлекет өзінің қаржылық базасы болғанда ғана өмір сүре алады, басқаша айтқанда, өзінің аппаратын ұстауға және өзінің функцияларын орындау процесінде туындайтын шығындарды жабуға ақшалай қаржылары болғанда ғана өмір сүре алады. Жаңа инвестициялық салық преференциялары тек қана корпоративтік табыс салығы бойынша ғана берілетін болады.

Мемлекеттің өкімет органдары Қазақстан Республикасының салық заңдары мен республикалық және жергілікті бюджеттерге басқа да төлемдер туралы заңдардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі міндеттерді атқаруында, салық бұзушылық пен қылмысқа қарсы күресте салық қызметі органдарына жәрдемдесіп отыруға міндетті.

2.2 ҚР 2017-2019 жылдар аралығындағы салықтық өзгерістерді талдау

Қазақстанның салық саясаты қолайлы кәсіпкерлік ортаны құруға және елдің стратегиялық даму мақсаттарын іске асыруға бағытталған.

Мәселен, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 қарашадағы № 26-VI Заңымен 200-ден астам түзетулер енгізілген болатын. Енгізілген түзетулер салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіруге, бизнес-процестерді оңтайландыруға, салық салынатын базаны кеңейтуге бағытталған. Олардың негізгілері мыналар [22]:

1) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің арнаулы салық режимін қолдануы мақсатында меншік құқығында жер учаскесінің болуы шартын болдырмау;

2) шаруа немесе фермер қожалығы бұдан бұрын көрсетілген қызметте пайдаланған активтерді өткізу кезінде шаруа қожалықтарының бірыңғай жер салығын қолдану құқықтарын сақтап қалу;

3) импортталған асыл тұқымды мал қырылған және мәжбүрлі сойылған кезде ҚҚС есептеу тәртібін өзгерту;

4) акциздердің мөлшерлемелерін кезең-кезеңмен: алкоголь өніміне 2017 жылы 1 литр үшін – 2 000 теңге, 2018 жылы – 2 275 теңге, 2019 жылы – 2 550 теңге; сыра мен сыра сусындарына 2017 жылы 1 литр үшін – 39 теңге, 2018 жылы – 48 теңге, 2019 жылы – 57 теңге; темекі өнімдеріне 2017 жылы 1000 дана үшін – 6 200 теңге, 2018 жылы – 7 500 теңге, 2019 жылы – 8 700 теңге арттыру;

5) алкоголь өнімін өндіру үшін өткізілетін немесе пайдаланылатын этил спиртіне нөлдік акциз мөлшерлемесін белгілеу;

6) «Carry қаржыландыру» жүйесі бойынша берешекті есептен шығару кезінде кірісті КТС-нан босату;

7) ұлттық операторға өткізетін газды өткізу бойынша КТС айқындау тәртібін өзгерту;

8) Солтүстік Каспий бойынша (мұнайдың) заттай нысанда алынатын үлеске салық салуды болдырмау;

9) банктердің алдында мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушыларға көмек көрсетуге, банктердің несие қоржынында үмітсіз берешек деңгейін төмендетуге және күмәнді және үмітсіз кредиттер бойынша борыштық жүктемелерді төмендету құралдары шеңберінде қаржылық қызметтерді тұтынушыларды қорғауды күшейтуге бағытталған қаржы секторы жөніндегі түзетулер;

10) аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін кірістерден шығару;

11) оған сәйкес темір жол-паром көлігімен тасымалдау халықаралыққа тасымалға жатқызылған, яғни ҚҚС нөлдік мөлшерлеме бойынша (мультимодальдық тасымалдау) салынатын түзету;

12) концессионерді концессия шарты бойынша мүлік салығынан босату;

13) консульдық алымдар мен мемлекеттік бажды қайта қарау;

14) ауыл шаруашылығы өнімін, аквакультура (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер және ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолдануға көшкен шаруа және фермер қожалықтары үшін әлеуметтік салық мөлшерлемелерін белгілеу;

15) салықтар бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдар сомаларын есептен шығарудан алынған кірістерді салық салудан босату;

16) фирмааралық қарыздардан ҚҚС алуды жою;

17) қаржы лизингі үшін КТС бойынша қолданыстағы жеңілдікті ұзарту;

18) санаторийлер, балалар лагерлері, әлеуметтік объектілер үшін жер асты суларына салынатын ПҚӨС мөлшерлемелерін төмендету.

Бұдан басқа, мынадай жұмыстар жүргізілді [23]:

Операциялардың айқындығын қамтамасыз ету және әртүрлі схемалардың жолын кесу, сондай-ақ салық төлеушілердің материалдық және уақытша шығындарын қысқарту мақсатында шот-фактураларды міндетті түрде электрондық нысанда жазып беруге көшу жүзеге асырылды. 2018 жылғы 1 қаңтарға «Электрондық шот-фактуралар» Ақпараттық жүйесінде 232 мыңнан астам пайдаланушы тіркелген, олар 77,1 млн.электрондық шот-фактуралар жазып берген.

2017 жылғы 1 шілдеден бастап тексерулердің нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға шағымдарды қарау үшін апелляциялық комиссия құрылды.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою хабарламалық тәртіпке ауыстырылды, оған сәйкес дара кәсіпкер (бірлескен дара кәсіпкерлік) ретінде мемлекеттік тіркеу үшін жеке тұлға (бірлескен дара кәсіпкерлікке уәкілетті тұлға) мемлекеттік кірістер органына тікелей немесе «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік Корпорациясы арқылы рұқсаттар мен хабарламалар саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша хабарламаны ұсынады. 2017 жылы 136 736 (2016 жылы - 120 393) дара кәсіпкер тіркелген.

2017 жылы салықтық және кедендік тексерулер саны дерлік жартысына дейін қысқарды. Егер 2016 жылы 77 860 тексеру жүргізілген болса, 2017 жылы 42 873 тексеру жүргізілген, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 44,9 %-ке аз.

Бұзушылық тәуекелдері жоғары аймақтарда назар шоғырландыру мен салық заңнамасын ерікті түрде орындау қағидаттарын кеңейту есебінен жіберілетін Камералдық бақылау хабарламаларын қысқартуға қол жеткізілді. Осылайша, бизнеске жүктемені азайту мен камералдық бақылауды растау үлесін өсіру бойынша міндет шешілуде.

Камералдық (қашықтан) бақылау бойынша хабарлама жіберуден тиімділік 2,8 есеге өсті.

Камералдық бақылау нәтижелері 2017 жылы:

– салық төлеуші мойындаған бұзушылықтар үлесі жалпы сомасында хабарлама бойынша 2017 жылы 898,9 млрд.теңгеден 380,1 млрд.теңгені немесе

42,3%-ды құрады, 2016 жылы 2 672,3 млрд.теңгеден 878,2 млрд.теңгені немесе 32,9 %-ды құрады;

– салық төлеушілер хабарламалар бойынша есептеуге ұсынған 2017 жылы қосымша декларациялар сомасы 171,3 млрд.теңге, бұл 2016 жылғыдан 27,3 млрд.теңгеге көп (144,0 млрд.теңге);

– 2017 жылы хабарламалар бойынша 123,0 млрд.теңге немесе 2016 жылғыдан 31,2 млрд.теңгеге көп (91,8 млрд.теңге).

– «Салықтардың жиналымын арттыру» жобасы іске қосылды. 2017 жылы бастамаларды іске қосу үшін заңнамалық платформа құрылды.

«АСТАНА-1» АЖ бастамасы бойынша 1 қазаннан бастап «АСТАНА-1» АЖ-ның «Кедендік транзит» кіші жүйесі іске қосылды, іске қосылған сәттен бастап 85 мыңнан астам декларация өңделді, бұл кедендік ресімдеудің орташа уақытын дерлік 4 есеге (63-тен 16,5 минутқа дейін) қысқартуға мүмкіндік берді.

«Виртуалдық қойма» бастамасы бойынша 2017 жылғы 1 қарашадан бастап салық төлеушілердің қатысуымен «Виртуалдық қойма» модулін пилоттық тестілеу жүргізілуде.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тауарларды бақылау тетігі туралы келісім жобасы мемлекетішілік келісуден өтті, онда кедендік және салықтық төлемдерді төлеуден жалтарудың әртүрлі схемаларын болдырмау, ЕАЭО шеңберінде тауар айналымының заңдылығын растау, сондай-ақ тауар айналымының жолын бақылауды қамтамасыз ету көзделеді.

«Салық төлеушілерге бюджеттен ҚҚС-ті қайтаруды (технология блокчейн) қайта жүктеу» бастамасы бойынша 2017 жылғы 15 желтоқсанда «ИТП» АҚФ-тен «Blockchain технологиясын пайдалана отырып, ҚҚС-ті әкімшілендіру бойынша талдамалық зерттеулерге» мемлекеттік тапсырманы орындауға шарт жасалды.

«Тауарларды таңбалау» бастамасы бойынша 2017 жылғы 27 қазанда пилоттық режимде тері бұйымдарын таңбалаудың ақпараттық жүйесі іске қосылды, ол тұтынушыларға сатып алынатын тауарлар туралы толық ақпарат пен контрафактілік өнімдерден қорғауды, кәсіпкерлер үшін – бизнес жүргізудің бәсекелі шарттарын теңестіруді, нарықты заңсыз өнімдерден қорғау мен зияткерлік меншік құқықтарын сақтауды қамтамасыз етеді.

2018 жылғы 1 қаңтарға жүйеде 108 пайдаланушы тіркелген және 2875 тон таңбаланды.

«Салықтық әкімшілендіру мақсаттары үшін үшінші тұлғалардың дерекқорын құру» бастамасы бойынша 2017 жыл қорытындылары бойынша бюджетке сомасы 9,6 млрд.теңгеге қосымша түсімдердің түсуін қамтамасыз етті. Бұл бастама екпінді салықтық тексеруден салықтық декларациялар мен үшінші тұлғалардың дерекқорлары арасында қиылыс талдауға көшіруге (бұзушылықтар анықталған жағдайда салық төлеушіге дербес жою үшін хабарлама жіберіледі) мүмкіндік береді.

«Жалпыға бірдей декларациялауды енгізу» бастамасы бойынша активтер мен міндеттемелер туралы декларация нысаны (15 парақ және 220 жол еді, 2

парақ және 77 жол болды), сондай-ақ оларды толықтыру қағидалары оңтайландырылды. Бұдан басқа, жаңа Салық кодексінде 71 «Жеке тұлғалардың кірістерін және мүлкін жалпыға бірдей декларациялау» деген жеке тарау бөлінген, онда көп балалы отбасылар үшін жылына 24 АЕА мөлшерінде, оқуға жылына 10 АЕА мөлшерінде, сыйақылар бойынша жылына 10 АЕА мөлшерінде қосымша шегерімдер көзделген. Қолданылатын шегерімдер құрылымы қайта қаралды (мәлімет үшін, бұдан бұрын жалпыға бірдей декларациялауды енгізу мерзімі 2020 жылға көшірілген).

Бизнес жүргізу үшін жасалған қолайлы жағдай 2017 жылы 71 687 салық төлеуші экономикалық айналымға тартылды (2016 жылы қолданыстағы салық төлеушілер саны – 1 448 414, 2017 жылы – 1 520 101).

Шағын және орта бизнес саны 6,4 %-ке немесе 12 117 заңды тұлғаға (2016 жылы – 188 377, 2017 жылы – 200 494) өсті.

Жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде макроэкономикалық көрсеткіштерді жақсарту, сондай-ақ экспорттық кеден бажы мөлшерлемелерінің өсімі (түсімдерді болжамдау кезінде 50 АҚШ доллары қолданылды, іс жүзінде 2017 жылы орташа 52,4 АҚШ долларында қалыптасты), импорт көлемінің ұлғаюы мен металл бағасының өсуі, кірістердің өсімі (трансферттердің түсуінсіз) 2016 жылмен салыстырғанда 430 млрд.теңгені немесе 109 %-ды құрады, кірістер бойынша жоспар 59 млрд.теңгеге немесе 101,2 %-ке асыра орындалды.

Салық жүйесінің өзекті міндеттерін шешу мақсатында 2017 жылғы 25 желтоқсанда жаңа Салық кодексі қабылданды, онда идеологияны өзгерту, ынталандыруды енгізу мен әкімшілендіруді жеңілдету көзделген.

Шағын және орта бизнес үшін қолданыстағы арнаулы салық режимдері сақталды. Патент мөлшерлемесі 2 %-тен 1 %-ке дейін төмендетілді. «Жеңілдетілген декларация» бойынша режимде дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін бірыңғай талаптар енгізілді (шарттар: қызметкерлер саны 30 адамнан аспайды, бір жылдық кіріс – 4100 ең аз жалақыдан - 100 млн. теңгеден аспайды).

Режимді таңдау құқығы бар жаңа тіркелген шегерім режимі енгізілді. Бұл режимде өлшемшарттар ұлғайтылды. Мәселен, бір жылғы ең жоғарғы кіріс 347 млн.теңгені құрайды және жалдамалы қызметкерлер саны 50 адамды құрауы мүмкін. Өз пайдасының 30 %-ын растамай шегеруге болады.

2020 жылдан бастап шағын және орта бизнес үшін талап ету мерзімі 5 жылдан 3 жылға дейін қысқарады. ҚҚС төлеушісі ретінде есепке қою үшін қолданыстағы ең төменгі шек 30 000 АЕК сақталып қалады.

Агроөнеркәсіптік кешен саласында да ынталандыру шаралары көзделген. Бірыңғай жер салығын төлеушілер ҚҚС төлеушілері болып табылмайтын болады. Шаруа және фермер қожалықтарының басшылары, мүшелері мен қызметкерлері үшін әлеуметтік салық жойылды. Режимді жоғалтпастан, өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат етілді. Үлестестік бойынша шектеу алынып тасталады.

Жер қойнауын пайдалану саласында геологиялық барлауды ынталандыру шаралары ұсынылды. 2018 жылдан бастап тау-кен салалары үшін жүктемені рента салығына көшірумен үстеме пайдаға салынатын салық жойылады. Теңіз және терең мұнайлы кен орындары үшін жер қойнауын пайдалануға балама салық ұсынылды. Қатты пайдалы қазбалар үшін жалдық төлемдер тетігі енгізіледі. Коммерциялық іздестіру-табу бонустары жойылады. Шикізатты қайта өңдеуді ынталандыру үшін өндірілген шикізаттың 35%-дан астамын қайта өңдеу шартымен жер қойнауын пайдаланушылардың дивидендтері мен акциялар өсімін корпоративтік табыс салығынан (бұдан әрі – КТС) босату (2019 жыл – 40 %, 2020-2021 жылдар – 50 %, 2022 жыл – 70 %).

Осылай, металлургияның жаңа саласы – қорғасын өнеркәсібін қолдау үшін пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемесін 6 % -тен 3 % -ке дейін төмендету көзделген.

Қаржы секторын сауықтыру бойынша шаралар (жаңа халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) ауысуға байланысты қосымша провизиялар үшін шегерімдер; банктер берешегін кешірген жағдайда жеке табыс салығынан (бұдан әрі - ЖТС) босату; коллектордың дисконтына проблемалық активтерді пысықтағаннан кейін салық салынатын болады; жинақтау сақтандыруға ЖТС салу тәртібін өзгерту; инвестициялық алтынды іске асыруды ҚҚС-тен босату) ұсынылды.

Автомобиль кұрушылар мен ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілер үшін арнаулы инвестициялық келісімшарт шеңберінде ҚҚС бойынша жеңілдіктер көзделген.

Қолданыстағы кәсіпорындарды жаңғырту мен реконструкциялау КТС бойынша жеңілдіктер көзделген. Жеңілдік жаңғырту мен реконструкциялау аяқталған сәттен бастап және егер инвестициялар кемінде 5 млн.АЕК болуы шартымен 3 жылдан аспайтын мерзімге қолданылатын болады.

Еңбекақы төлеу қорына ағымдағы жүктемені сақтап қалу үшін әлеуметтік салық мөлшерлемесі 11 %-дан 9,5 %-ке дейін төмендеді.

Арнайы экономикалық аймақтардың (бұдан әрі – АЭА) қатысушылары үшін салықтық жеңілдіктердің ынталандыру рөлін күшейту үшін оларды қолдану шарттары кеңейтілді. Мәселен, АЭА-да тіркелген сәтінен бастап жер салығы мен мүлік салығы бойынша салықтық жеңілдіктер бере отырып, жеңілдік берілген және басқа қызметтен бөлек есеп енгізілді.

«Инновациялық технологиялар паркі» АЭА қатысушылары үшін экстерриториалдық бұрынғы аумақтық режимінің мерзімі 2028 жылға дейін ұзартылды. Сол сияқты, «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА қатысушылары үшін ІТ-бизнесін дамыту мақсатында қолданыстағы: «- еңбекақы төлеуге арналған шығыстар ЖЖК кемінде 50 %» деген шарт әлеуметтік салық бойынша жеңілдіктер үшін: «- еңбекақы төлеу қорының шығыстардың жалпы сомасына ара қатынасы 70/100 сияқты» деген шартпен ауыстырылды.

Тиімсіз салықтар мен басқа да төлемдер жойылды. Атап айтқанда, аукцион алынатын алымдар мен кеме жүретін су жолдарын пайдалану үшін төлем жойылды, өйткені мұндай жағдайда мемлекет қызмет көрсетпейді және рұқсат бермейді.

Сондай-ақ бірқатар жеңілдіктер алынып тасталды. Оларға ойын автоматтары қызметтері, лотерея билеттерін сату, пошта төлемін мемлекеттік белгілері, пошта маркаларының импорты, картинг, бильярд бойынша айналымдарды босату жатады.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап алкоголь өнімдерін көтерме және бөлшек сатуға лицензия алу кезінде лицензиядан алдыңғы тексеру жүргізілмейтін болады, ал 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап этиль спирті мен алкоголь өнімдерін өндіруге лицензия алу кезінде лицензиядан алдыңғы тексеру жойылады.

Салықтық тексерулерді жүргізу кезінде құқықтар мен міндеттер нақтыланды. Тәуекелдерді басқару жүйесі түбегейлі қайта қаралды. «Көлденен мониторинг», «Алдын ала түсіндіру» енгізілді. Жоспардан тыс тексерулер жүргізу үшін негіз екі еседен аса (32-ден 12-ге немесе 62 %-ке) қысқарды.

2018 жылдан бастап ҚҚС қайтару мерзімі 30 жұмыс күніне дейін қысқарды, мынадай шарттар сақталған кезде: 100 % электрондық шот-фактуралар жазып беру; тәуекел аймағына кірмейді, барлық өнім берушілер 100% электрондық шот-фактуралар жазып береді.

2019 жылдан бастап ерікті негізде ҚҚС-ті бақылау шоты енгізілді. Жүйені енгізу, оның ішінде оны заңсыз өтеу және жалған шот-фактураларды пайдаланумен алаяқтық схемалары практикаларының жолын кесу есебінен ҚҚС жиналымының ұлғаюына әсер етеді. ҚҚС бақылау шоты пайдаланылған жағдайда ҚҚС қайтару мерзімі қысқарады (тексеру қорытындылары бойынша 15 жұмыс күні), қарсы тексерулер жойылады.

Жаңа Салық кодексі оның ішінде әкімшілік кедергілерді жою және салықтық әкімшілендіруді жетілдіру жолымен бизнестің тұрақты дамуына, инвестицияларды ынталандыруға және елдің бәсекеге қабілеттігін арттыруға бағытталған. Салық саясаты жалпы анық және болжамды болады.

3 ҚР бюджетке салықтық түсімдерді басқаруды жетілдіру жолдары

3.1 Негізгі проблемаларды талдау

Әлемдік нарықтағы мұнай мен металдар бағасының, сыртқы сауда айналымы көлемінің төмендеуі және экономикалық өсу қарқынының бәсеңдеуі республикалық бюджетке түсімдерді қамтамасыз етуге айтарлықтай дәрежеде әсер етуі мүмкін.

8 кесте –Тәуекелдерді басқару

Салықтық түсімдерді көбейтуге кері әсер етуі мүмкін тәуекелдердің атауы	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
1	2
Негізгі экспорттық позицияларға әлемдік бағалардың төмендеуі: мұнай, металдар (алюминий, мырыш, қорғасын, мыс).	Салық және кедендік әкімшілендіру шеңберінде бақылауды жетілдіру (электронды шот-фактуралар, акцизделетін өнімдердің айналымын бақылау, бақылаудың көлденең режимін енгізу, бақылау (сәйкестендіру) белгілері бар тауарларды таңбалауды кезең-кезеңмен енгізу және т.б.)
Алыс орналасқан ауылдық жерлерде интернет қосылысының болмауына байланысты декларациялаумен толық қамтымау	Декларацияларды электрондық түрде ұсыну бойынша барынша қолайлы жағдай жасау мақсатында мемлекеттік кірістер органдарында, ХҚКО және әкімдіктерде жеке тұлғалар үшін қол жеткізу нүктелерінің санын кеңейту бойынша іс-шаралар өткізу. Мобильді қосымшаларды әзірлеу.
Бекітілуі электрондық декларациялауды енгізуге байланысты болатын тәуекел бейіндерінің санын ұлғайту	Тәуекелдер бейіндерін өзектендіру, сонымен қатар тәуекелдерді бейіндеу кезінде ақпараттық жүйелерді пайдалану
Қолма-қол ақша айналымының жоғары үлесі	1.Төлемдер және төлемдер мониторингінің онлайн серверлерін енгізу (ЭШФ, Онлайн БКМ және т.б.) 2. ҚҚС арнайы бақылау шотын енгізу
Кәсіпорын субъектілері арасындағы мәмілелердің ашықтығының болмауы	3. ЭШФ АЖ жұмысының функционалын кеңейту
Ескерту -ҚР Салық кодексі негізінде автормен құрастырылған [22]	

Салық төлеуден жалтару фактілерін анықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде (ҚК 244, 245-баптары).

Осы санаттағы өндірісте болған істердің саны -388 (592), өндіріспен аяқталған қылмыстық істердің үлесі 42% немесе 163 іс (348), оның ішінде ауыр істер – 70 (160).

Сонымен қатар, өткен жылдың көрсеткішінен 2,4 есеге асып түсті 8,16 млрд.теңгеден 19,26 млрд. теңгеге дейін залалды өтеу, тыйым салынған мүлік сомасы – 5,3 млрд. теңге (6,5 млрд. теңге). Залалды өтеу үлесі - 93%.

3.2 Салықтық әкімшілендіруді жетілдіру және Блокчейн технологиясын салықтық түсімдерді арттыруда қолдану

Қазақстан Республикасындағы экономикалық ахуалды талдау және бағалау мемлекеттің кәсіпкерлік үшін қолайлы жағдайлар жасауына қарамастан, салық төлеушілердің белсенді бөлігі табысқа салық салудан жалтару мақсатында салық төлеуден жалтарудың әртүрлі схемаларына жүгінетінін және "қара капиталды" қалыптастырады. Қазіргі уақытта көлеңкелі экономиканың көлемі шамамен 250 млрд теңгені құрайды [23].

Қазақстан Республикасында салық заңнамасын айналып өтудің әртүрлі схемалары мен әдістері, оның ішінде жеңілдікті салық режимдері аймақтарында орналастырылатын еншілес фирмалардың қатысуымен де пайдаланылады. Салық биліктері бұған жұмыс тәжірибесі бойынша және тиісті заңнамалық нормалардың әзірлену дәрежесі бойынша Қазақстан Республикасы батыс елдерінен әлі артта қалғанына қарамастан қарсы әрекет етуге тырысады.

Салықтық құқық бұзушылықтардың статистикалық деректері бойынша салық төлеушілердің салық төлеуден жалтаруының 34 Үлгі схемасы белгіленген, олар бойынша оларды құру және қолдану шарттарын жоюға бағытталған тиісті іс-шаралар әзірленеді.

Салықтық әкімшілендірудегі негізгі проблемалар:

- қызметі «жалаңаш фирмалар»;
- әдейі және жалған банкроттық ;

«Бір күндік фирма» қызметі 3 кезеңнен тұрады: тіркеу, заңсыз қызметті жүзеге асыру, тарату (Банкроттық).

Салық салудан кетумен күрес проблемаларын шешу бақылаушы органдардың күштерін Қаржы министрлігінің Салық комитетімен біріктіру нәтижесінде, сондай-ақ шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл жасау жолымен ғана мүмкін болады [24].

Біздің ойымызша, салықтық әкімшілендіру жүйесін одан әрі жетілдіру, салық органдары жұмысының тиімділігін арттыру Қазақстанның қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қажетті шарттары.

Салықтық және кедендік әкімшілендіру тетіктерін жақсарту үшін бизнес-қоғамдастықтың, тәуелсіз сарапшылардың ұсыныстарын ескере отырып, бірқатар жаңа енгізулер жасаған жөн.

Мемлекет пен салық төлеуші арасындағы қатынастарды ырықтандыру шеңберінде сенім мен ашықтық қағидаттарына негізделген ірі салық төлеушілермен өзара іс – қимылдың жаңа түрі - «Көлденең мониторинг» көзделеді. Мұндай тәсіл ЭЫДҰ елдерінде пайдаланылатын әкімшілендірудің прогрессивті әдістерінің бірі болып табылады:

біріншіден, мемлекеттік кірістер органдары салық заңнамасына сәйкес көлденең мониторингке қатысушылар үшін көптеген салықтық тексерулер жүргізуден бас тартады;

екіншіден, мемлекеттік кірістер органдарының қызметі неғұрлым қызметке бағдарланған болады. Олар туындаған мәселелер бойынша салық төлеушілерге кеңес беріп, салық міндеттемелерін дұрыс орындауды сүйемелдейді;

үшіншіден, егер консультациялар нәтижесінде салық сомаларын төмендетуге жол берілген жағдайда жауапкершіліктен босату көзделеді.

Осы жаңа енгізулермен қатар лицензиялық бақылауды ырықтандыру көзделеді – яғни лицензия алдындағы тексерулер мен тексерулер жүргізілмейтін болады, тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде лицензиядан кейінгі бақылауға көшу болжанады.

Бақылауды оңтайландыру шеңберінде, сондай-ақ салық тәртібін арттыруды ынталандыру мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесі түбегейлі қайта қаралуы тиіс. Салық төлеушілердің әртүрлі санаттары үшін салықтық әкімшілендіруге сараланған тәсіл енгізіледі.

Жоспардан тыс тексерулер жүргізу үшін негіздерді 62% - ға қысқарту ұсынылады (32-ден 12-ге дейін).

Бизнес бизнесті тексергенде аудиторлық ұйымдардың тексеруді жүзеге асыруы үшін жағдайларды жақсарту көзделеді, бұл ретте жылдық жиынтық табыстың мөлшері бойынша шегі 150 000 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылады және аудиторлық ұйым салықтық тексеру жүргізген кезде бұзушылықтарға жол берген жағдайда лицензиядан айыру жөніндегі норма алынып тасталады.

Салық төлеудің еріктілігін ынталандыру үшін шағын және орта бизнес субъектілері үшін 5 жылдан 3 жылға дейін талап қою мерзімін қысқарту ұсынылады, оның ішінде бұрын төленген салық сомалары қайта қаралуы және қосымша есептелуі мүмкін.

Бұдан басқа, арнайы салық режимдерін реформалау, салық берешегін төлеу бойынша мерзімін 1 жылдан 3 жылға дейін ұзарту және жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері бойынша салық есептілігін жою сияқты шаралар ұсынылады.

Қазақстан алдында тұрған жаһандық мақсатқа қол жеткізу үшін – 2050 жылға қарай әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру үшін Үкімет елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету бойынша 21 жобаны анықтады, оның бірі – Министрліктің *«Салықтардың жиналымын арттыру»* жобасы.

Осы Жобаны іске асыру шеңберінде Министрліктің алдына салықтардың жиналымын 2016 жылғы 15,2% – дан 2025 жылы 25% - ға дейін ұлғайту міндеті қойылды, бұл ЭЫДҰ елдерінде жинаудың орташа деңгейіне сәйкес келеді. ЭЫДҰ елдерінде жинаудың орташа деңгейі 34% - ды құрады. ЭЫДҰ елдеріндегі және Қазақстандағы ахуалды салыстырмалы талдау ЭЫДҰ-да

жоғары салық мөлшерлемелері, жеңілдіктер есебінен салық базасының аз жуылуы және неғұрлым технологиялық салықтық әкімшілік ету екендігін көрсетеді.

9 кесте –ЭБДҰ елдеріндегі орташа деңгейдегі салықтардың жиналуы мен Қазақстандағы салықтардың жиналуының факторлық айырмашылықтары

	Факторлық айырмашылық	Салықтық жиналуы, %
1	Салықтардың жиналуының ағымдағы деңгейі	15,8%
2	ЭБДҰ-дың орташа деңгейіне мөлшерлемелерді көбейту	9,0%
3	Халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін, салықтық жеңілдіктерді алып тастау	1,5%
4	Салықтардың жиналуын арттыруға өзге де қосымша мүмкіндіктер	7,7%
5	ЭБДҰ-ның орташа деңгейі	34%
Ескерту -әдебиет көзінен алынған [25]		

Бұл жағдайды еңсеру үшін Драйверлер моделі енгізілетін болады, оның мәні даму драйверлері негізінде елдің бюджет құраушы кәсіпорындарынан түсетін салық түсімдерін экономикалық негізделген болжамдау болып табылады. Драйверлер ретінде макро және микроэкономикалық көрсеткіштер, сондай-ақ экономиканың жекелеген салаларына әсер ететін өзге де көрсеткіштер пайдаланылатын болады.

Жоба – жанама салықтарды әкімшілендіру (ҚҚС және акциздер) және тікелей салықтарды әкімшілендіру деген 2 бағыт бойынша 8 бастамадан тұрады.

1) «АСТАНА-1» бастамасы

2017 жылғы 1 қазаннан бастап шекарадағы өткізу пунктінде алдын ала ақпараттандыруды, бақылауды, кедендік транзит бойынша операцияларды, тауарларды уақытша сақтау орындарында тауарларды бақылауды қамтамасыз ететін «Кедендік транзит» кіші жүйесі тәжірибелік пайдалануға:

2018 жылғы 4 желтоқсандағы жағдай бойынша тауарларға 770 мыңнан астам декларация өңделді, оның 94,2% - ы (458 мың) жүйе автоматты режимде шығарылды.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Экспорт» кедендік рәсімі бойынша «Кедендік декларациялау» кіші жүйесі пайдалануға берілді.

2018 жылғы 4 желтоқсандағы жағдай бойынша 75 мыңнан астам тауарларға декларация өңделді, оның 91,5% - ын жүйе автоматты режимде шығарды.

Ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап қалған кедендік рәсімдер, оның ішінде импорт бойынша «Кедендік декларациялау» кіші жүйесі іске қосылды [26].

2018 жылғы 4 желтоқсандағы жағдай бойынша импорт және басқа рәсімдер бойынша 223 мыңнан астам тауарларға декларация берілді, оның 65% - ы автоматты түрде шығарылды. Өзге кедендік рәсімдер бойынша-20 мыңнан астам декларация 86,7%.

2) «Электрондық шот фактуралар» бастамасы

Осыған байланысты, бұл 2019 жылдан бастап міндетті түрде шығарылуға жатады және барлық ҚҚС төлеушілер, ағымдағы жылы өткізіліп, ұйымдық-техникалық және түсіндіру іс-шаралар. Қазіргі уақытта жүйеде ҚҚС төлеушілердің 83,3% - ы тіркелген.

3) «Саудадағы қолма-қол есеп айырысуларды қысқарту» бастамасы

Осы бастама шеңберінде онлайн-БКМ қолдануға көшу кезең-кезеңмен (тоқсан сайын) жүзеге асырылатын болады, оларды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағында салық төлеушілер ақшалай есеп айырысу кезінде онлайн-БКМ қолдануды қамтамасыз етуге міндетті.

2020 жылдан бастап деректерді онлайн беру функциясы бар бақылау-кассалық машиналарды қолдануға толық ауқымды көшу, әсіресе ашық нарықтарда көлеңкелі айналымды айтарлықтай төмендетуге, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда Қаржы министрлігі онлайн-БКМ-ге көшу тәртібі төлем құралдарын қолдану міндеттілігі бойынша кең ауқымда түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Онлайн-БКМ енгізу өз әсерін беріп те қойды, мәселен күніне бір чектен берген немесе күнделікті бір түсім сомасын көрсеткен сауда субъектілеріне (68 мың субъектіден 1,7 мың субъекті екінші тоқсанда түсімін 3 есеге дерлік ұлғайтқан (68,4 млн. теңгеден 171,1 млн. теңгеге дейін).

4) «Виртуалды қойма» бастамасы

«ЭШФ» АЖ «Виртуалды қойма» модулі салық төлеушілерде қоймаларда іс жүзінде бар тауарлардың қалдықтарын автоматты түрде есептеуді көздейді, бұл тауарсыз мәмілелер жасауды болдырмауға мүмкіндік береді.

2018 жылдың 1 сәуірінен бастап қолданыстағы «Электрондық шот-фактура» ақпараттық жүйесі базасында автокөлік құралдарын өткізетін салық төлеушілерге қолданылатын «Виртуалды қойма» модулі тәжірибелік пайдалануға іске қосылды.

2019 жылдан бастап барлық ҚҚС төлеушілерді, сондай-ақ импорттық тауарларды өткізушілерді ЭШФ АЖ қосылды.

1 желтоқсанда тас көмірді сататын Астана қаласының 33 салық төлеушісіне қатысты («Шұбаркөл көмір» АҚ және оның трейдерлері) «Виртуалды қойма» модулінің пилоты іске қосылды.

5) «Тауарларды таңбалау» бастамасы

Осы бастама шеңберінде Қазақстан Республикасында тауарларды таңбалау және қадағалау жүйесін құру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының жоспары бекітілді және мемлекеттік органдармен (ҰЭМ, ИДМ, АҚМ, ДСМ,

АШМ, ЭМ, ҰБ, «Атамекен» ҰКП) бірлесіп Жол картасында көрсетілген іс-шараларды іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

ЕЭК Кеңесінің 2018 жылғы 13 шілдедегі «темекі және темекі өнімдері» тауар тобы бойынша ЕАЭҚ тауарларының цифрлық платформасы базасында таңбалау және қадағалау бойынша пилоттық жобаны өткізу туралы өкімін іске асыру мақсатында Ресей Федерациясымен бірлесіп ЕАЭҚ цифрлық платформасы базасында темекі өнімдерін таңбалау бойынша пилоттық жобаны өткізу бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстанда тауарларды таңбалау жүйесін құру мақсатында ағымдағы жылдың қазан айынан бастап таңбалау бойынша пилоттық жоба іске қосылды.

Қазіргі уақытта Мемлекет Басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс – шаралар жоспарының 25-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті қосылған құн салығын әкімшілендіруде Blockchain технологиясын қолдануды талдамалық зерттеулер бойынша жұмыс жүргізуде. Сондай – ақ ҚҚС әкімшілік ету бойынша ақпараттық жүйеге қойылатын техникалық талаптарды әзірлей отырып, көрсетілген жобаны іске асыру "АТП"АКҚ-мен шарт бойынша мемлекеттік тапсырма нысанында жүзеге асырылуда.

Осы іс-шараны іске асыру салық төлеушілердің қаржылық транзакцияларының тізбегін лезде қадағалауға және оларға ҚҚС кепілді қайтаруды жүргізуге мүмкіндік беретін орталықсыздандырылған деректер базасын қалыптастыруға бағытталған.

Жобаны іске асыру шеңберінде Комитет «бюджеттен қосылған құн салығын қайтару» мемлекеттік қызметін оңтайландыру бойынша Жол картасын әзірледі (ҚР Премьер-Министрінің орынбасары А. Қ. Жұмағалиевпен 2018 жылғы 5 сәуірде бекітілді) және Blockchain технологиясын қолдана отырып, ҚҚС КС енгізу тетігі бойынша Мемлекеттік кірістер органдарының ЕДБ-мен өзара іс-қимылы бойынша жұмыс тобы құрылды.

Министрлік «АТП» дербес кластерлік қорымен бірлесіп Блокчейн (IBM Hyperledger Fabric) және жасанды интеллект (IBM Watson) технологиясын енгізу бөлігінде қолданбалы зерттеулер бойынша зертхана құратын болады [27, 28].

Блокчейнді қолдану:

- сұр схемаларды қолданудың мүмкін болмауына;
- жанама салықтарды әкімшілендірудің қарапайымдылығына;
- салық төлеушілер үшін есепке алу мен есептіліктің қарапайымдылығына мүмкіндік береді.

ҚҚС бақылау шотын енгізу шеңберінде екінші деңгейдегі банктермен Блокчейн технологиясын пайдалануға уағдаластыққа қол жеткізілді, сондай-ақ ҚҚС бақылау шотын енгізу бойынша бизнес-процестер әзірленді.

ҚҚС БШ қолдану бойынша нормалар 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

«Салықтық әкімшілендіру мақсаттары үшін үшінші тұлғалардың дерекқорларын құру» бастамасы

Министрлік бизнес субъектілерінің суды, газды және электр энергиясын тұтыну көлемі бойынша коммуналдық ұйымдардың мәліметтері негізінде «Суды, газды және электр энергиясын тұтыну арқылы қашықтықтан бақылау» пилотын жүргізуде, нәтижесінде бюджетке 3,1 млрд. теңге салық түсті.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің «АӨК дамыту» жобалау офісімен бірлесіп электрондық астық қолхаттары бойынша бірлескен пилот жүргізілуде. Бұл пилотты пысықтау бюджетке қосымша түсімдерге алып келді.

«Жалпыға бірдей декларациялауды енгізу» бастамасы

ҚР барлық азаматтары үшін жалпыға бірдей декларациялауды енгізу 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап жоспарланған. Осы бастаманы іске асыру үшін тиісті заңнамалық база құрылды, сондай-ақ «Уәкілетті органдардың дерекқорларын өзектендіру жөніндегі жол картасы» шеңберінде жұмыс жүргізілуде.

2019 жылы жаңа АДҚ ақпараттық жүйесі шеңберінде жеке тұлғаның активтері туралы мәліметтері бар мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен online-интеграция көзделген.

Аталған жаңалықтарды іске асыру көлеңкелі айналымды төмендетуге қосымша серпін береді, атап айтқанда, салықтық және кедендік ақпараттық жүйелерді интеграциялау салықтық және кедендік әкімшілендірудің ашықтығына, кедендік операциялар бойынша бірыңғай терезені енгізе отырып, әкімшілік кедергілерді төмендетуге алып келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломдық жұмысты қортындылай келе, келесідей тұжырымдар жасауға болады:

1 Бюджеттік жүйе - мемлекеттің барлық қаржы жүйесінің маңызды құрамдық бөлігі болып табылады. Басқаша айтқанда, барлық деңгейдегі бюджеттер мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры және экономикалық қатынастар мен құқықтық нормаларға негізделген бюджеттік процесс пен бюджеттік қатынастар қосындысын бюджеттік жүйе деп түсіндіріледі.

2 Қазақстанда екі деңгейлі бюджеттік жүйе, яғни республикалық және жергілікті бюджеттерден құралады.

Бюджеттің құрылымы: Кірістерден: салықтық түсімдер, бейсалықтық түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер, трансферт түсімдері; Шығындар: Таза бюджеттік несиелендіру: бюджеттік несие, бюджеттік несиенің өтелуі; Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо: қаржы активтерін сатып алу, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер; Бюджеттің тапшылығы (профициті); Бюджеттің тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру: қарыздардың түсуі, қарыздардың өтелуі, пайдалануға жарайтын бюджет қаражаты қалдықтарынан тұрады.

3 Салықтық түсімдер – бұлар салықтың барлық түрлері бойынша өндірілген анықталған мөлшерде міндетті ақша төлемдері бюджетке, қайтарымсыз және ақысыз күйде түседі. Салықтық түсімдерге одан басқа да ҚР Салық кодексі белгілеген бюджетке түсетін міндетті төлемдер, алымдар, баждар кіреді. Салықтық түсімдер кірістердің негізгі бөлігін құрайды.

4 2017 жылмен салыстырғанда ҚР мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер -13,7 %-ға кеміген. Сондай-ақ кему қарқыны салықтық емес түсімдерде (30,9 %) мен трансферттерден (41,1 %) де байқалады. Ал салықтық түсімдер 6810,8 млрд. теңгеден 7115,8 млрд. теңгеге, яғни 4,47%-ға артқан. Мемлекеттік бюджеттегі салықтық түсімдердің үлесі өте жоғары, мысалы 2016 жылдың есебінде 64,7%-ды құраса, 2017 жылы жалпы мемлекеттік кірістің көлемінің артқанына қарамастан 58,8%-ды құраған. Себебі ҚР Ұлттық қорынан аударылған трансферттер 38,1%-ды құрап отыр. Салықтық түсімдердің ішінде ең көп үлесті Қосылған құн салығы -38%, корпоративтік табыс салығы -31% құраса, жеке табыс салығы 14%, ал әлеуметтік салық 11%, ал акциздер 6% құраған

5 «Салықтардың жиналымын арттыру» жобасы іске қосылған. 2017 жылы бастамаларды іске қосу үшін заңнамалық платформа құрылды. Бұл жоба бойынша бірнеше бастамалар жұмыс істеуде:

«АСТАНА-1» АЖ бастамасы бойынша АСТАНА-1» АЖ-ның «Кедендік транзит» кіші жүйесі іске қосылды, бұл кедендік ресімдеудің орташа уақытын дерлік 4 есеге (63-тен 16,5 минутқа дейін) қысқартуға мүмкіндік берді.

«Виртуалдық қойма» бастамасы бойынша 2017 жылғы 1 қарашадан бастап салық төлеушілердің қатысуымен «Виртуалдық қойма» модулін пилоттық тестілеу жүргізілуде.

«Салық төлеушілерге бюджеттен ҚҚС-ті қайтаруды (технология блокчейн) қайта жүктеу» бастамасы бойынша 2017 жылғы 15 желтоқсанда «ИТП» АҚФ-тен «Blockchain технологиясын пайдалана отырып, ҚҚС-ті әкімшілендіру бойынша талдамалық зерттеулерге» мемлекеттік тапсырманы орындауға шарт жасалды.

«Тауарларды таңбалау» бастамасы бойынша 2017 жылғы 27 қазанда пилоттық режимде тері бұйымдарын таңбалаудың ақпараттық жүйесі іске қосылды, ол тұтынушыларға сатып алынатын тауарлар туралы толық ақпарат пен контрафактілік өнімдерден қорғауды, кәсіпкерлер үшін – бизнес жүргізудің бәсекелі шарттарын теңестіруді, нарықты заңсыз өнімдерден қорғау мен зияткерлік меншік құқықтарын сақтауды қамтамасыз етеді.

«Салықтық әкімшілендіру мақсаттары үшін үшінші тұлғалардың дерекқорын құру» бастамасы бойынша 2017 жыл қорытындылары бойынша бюджетке сомасы 9,6 млрд.теңгеге қосымша түсімдердің түсуін қамтамасыз етті. Бұл бастама екпінді салықтық тексеруден салықтық декларациялар мен үшінші тұлғалардың дерекқорлары арасында қиылыс талдауға көшіруге (бұзушылықтар анықталған жағдайда салық төлеушіге дербес жою үшін хабарлама жіберіледі) мүмкіндік береді.

«Жалпыға бірдей декларациялауды енгізу» бастамасы бойынша активтер мен міндеттемелер туралы декларация нысаны, сондай-ақ оларды толықтыру қағидалары оңтайландырылды.

Республикалық бюджетке түсетін салық түсімдері жылдық жоспар 5 592 394,4 млн.теңге болғанда 5 694 904,4 млн. теңгені немесе 101,8% құрады, 102 510 млн.теңге асыра орындалды. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсу қарқыны 117,5%-ды құрады.

Мыналар бойынша артығымен атқарылу байқалып отыр: -табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін 115,7%, -халықаралық сауда-саттық пен сыртқы операцияларға салынатын салықтар бойынша атқарылу 2018 жылдың жоспарына 117,5%-ды құрады, -бюджетке ойын бизнесіне салынатын салық бойынша бюджетке 26 845,9 млн.теңге немесе 12 805,5 млн.теңге жоспардан 2 есеге көп түсті, -зандық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды тұлғалар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер бойынша есепті кезеңнің жоспарына 29,4% артық түсті, -кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар 118,9% артық түсті;

Дегенмен мыналар бойынша жоспар орындалған жоқ:

- корпоративтік табыс салығы бойынша 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы 148 791,5 млн.теңгеге (109,7 %-ға) түсімдердің өсіміне қарамастан, жоспар 67 623,7 млн.теңге сомаға орындалмаған.

қосылған құн салығы бойынша 2 147 825,2 млн.теңге жоспарда

2 034 313,9 млн.теңге немесе 94,7 % түсті,

акциздер бойынша 99 191,5 млн.теңге жоспарда 95 277,7 млн.теңге немесе 96,1% түсті;

Салықтық түсімдердің төмен болуына келесідей тәуекелдер әсер етуі мүмкін:

- негізгі экспорттық позицияларға әлемдік бағалардың төмендеуі: мұнай, металдар (алюминий, мырыш, қорғасын, мыс);

- Алыс орналасқан ауылдық жерлерде интернет қосылысының болмауына байланысты декларациялаумен толық қамтымау;

- Бекітілуі электрондық декларациялауды енгізуге байланысты болатын тәуекел бейіндерінің санын ұлғайту;

- Қолма-қол ақша айналымының жоғары үлесі;

- Кәсіпорын субъектілері арасындағы мәмілелердің ашықтығының болмауы.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар:

- Салық және кедендік әкімшілендіру шеңберінде бақылауды жетілдіру (электронды шот-фактуралар, акцизделетін өнімдердің айналымын бақылау, бақылаудың көлденең режимін енгізу, бақылау (сәйкестендіру) белгілері бар тауарларды таңбалауды кезең-кезеңмен енгізу және т.б.);

- Декларацияларды электрондық түрде ұсыну бойынша барынша қолайлы жағдай жасау мақсатында мемлекеттік кірістер органдарында, ХҚКО және әкімдіктерде жеке тұлғалар үшін қол жеткізу нүктелерінің санын кеңейту бойынша іс-шаралар өткізу. Мобильді қосымшаларды әзірлеу;

- Тәуекелдер бейіндерін өзектендіру, сонымен қатар тәуекелдерді бейіндеу кезінде ақпараттық жүйелерді пайдалану;

- Төлемдер және төлемдер мониторингінің онлайн серверлерін енгізу (ЭШФ, Онлайн БКМ және т.б.);

- жанама салықтарды әкімшілендіруді жетілдіру үшін Блокчейн технологиясын қолдану.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 2013
- 2 Өтебаев Б.С. Мемлекеттік бюджет. – Алматы: Экономика, 2006.
- 3 Құлпыбаев С., Интыкбаева С.Ж., Мельников В.Д. // Қаржы: Оқулық. – Алматы, 2011.
- 4 Омирбаев С.А., Интыкбаева С.Ж., Адамбекова А.А., Парманова Р.С. // Государственный бюджет: Учебник. – Алматы, 2011.
- 5 Илиясов Қ.Қ., Құлпыбаев С. // Қаржы: Оқулық. – Алматы, 2005.
- 6 Қазақстанның жаңа бюджеттік саясаты. – Астана: Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ, компания «Профи Полиграф» баспасы, 2018.
- 7 Виноградова Т. И. _ Общественное участие в бюджетном процессе. Опыт и технологии. – СПб.: 2012, с. 150
- 8 Ермасова Н. Б. _ Государственные и муниципальные финансы: Теория и практика в России и зарубежных странах: Учеб.пособие, 2-е изд. перераб. и доп. – М.: Высшее образование, 2008
- 9 Кураков Л. П., Кураков В. Л. _ Большой толковый словарь экономических и юридических терминов. – М.: Вуз и школа, 2001
- 10 Мацкуляк И. Д. _ Государственные и муниципальные финансы: Учебник. Изд. 2-е, перераб. и доп. – М.: Изд-во РАГС, 2017
- 11 Мысляева И. М. _ Государственные и муниципальные финансы: Учебник. Изд. 2-е, перераб. и доп. – М.: ИНФРА-М, 2017
- 12 Перепанова Т. С., Балтахинова О. Р. _ Основы бюджетной системы и бюджетного учета: Учеб. пособие – Улан-Удэ, 2004
- 13 Поляк Г. Б. _ Финансово-бюджетное планирование: Учебник. – М.: Вузовский учебник, 2017
- 14 Выступление Вице-Министра финансов Даленова Р.Е. на заседании Правительства РК по вопросу: «Об итогах исполнения государственного бюджета за 5 месяцев 2014 года».
- 15 Концепция новой бюджетной политики Республики Казахстан за 2017-2019 гг.
- 16 Концепция совершенствования системы государственного планирования, ориентированной на результаты.
- 17 Отчет по мониторингу ГПФИИР РК на 2015-2018 гг. по итогам 2018 года.
- 18 «2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 259-V ҚРЗ Заңы
- 19 Пресс-релиз заседания Счетного комитета по итогам контрольно-аналитического мероприятия, проведенного в Министерстве экономики и

бюджетного планирования РК по вопросу обоснованности выделения из республиканского бюджета субвенций бюджетам областей и столицы.

20 Ахметжанова С, Копешова К, Кузгибекова С, Тусупбеков М АО «Институт экономических исследований» Бюджетная политика Республики Казахстан: проблемы и перспективы. Экономика и статистика №4, 2014

21 Жунусова Р, Утибаева Г КазАТУ им. С.Сейфуллина А. Жусупова КазГЮУ. Вопросы формирования и использования средств Национального фонда Казахстана. Экономика и статистика №2, 2014 126-131 стр

22 ҚР Үкіметі <http://www.government.kz>

23 ҚР Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі <http://www.minplan.kz>

24 ҚР қаржы министрлігі <http://www.minfin.kz>

25 ҚР Ұлттық банкі <http://www.nationalbank.kz>

26 Республикалық бюджеттің орындалуын бақылайтын есеп комитеті <http://www.esep.kz>